Монреаль когнитивті бағалау шкаласы (MOSA), бағалау шкаласы шаршаудың ауырлығы, визуалды-аналогтық шкала шаршау, Бек шкаласы когнитивті дисфункцияға клиникалық зерттеу жүргізу болды.

анамнезді жинау және қолдану схемасы арқылы жүзеге асырылды. Монреальдағы Когнитивтік функциялар шкаласы, оған сәйкес әр түрлі танымдық салаларды бағалау, оның ішінде назар аудару және шоғырлану, көрнекі-конструктивті және атқарушылық дағдылар, есте сақтау, сөйлеу, дерексіз ойлау, санау және бағдарлау. Пайдалану аяқталғаннан кейін Монреаль когнитивтік функция шкаласы Mosa жүзеге асырылды.

Алынған баллдар саны норма болып саналатын баллдардың қосындысы 26-дан 30-ға дейін (30 балл-мүмкін болатын ең жоғары балл).

Шульте кестесі әр торында нақты бір ақпарат ретсіз орналасқан кестеден тұрады (көбіне реттік сандар). Шульте кестесінің (немесе Shultz tables) ең таралған түрі – бұл 1-ден 25-ке дейінгі кездейсоқ сандар орналасқан 5 бағана мен 5 жолдан тұратын шаршы кесте.

Оқу жылдамдығын нәтижелі арттыру үшін сандарды дыбыссыз санау арқылы іздеу керек, яғни іштей рет бойынша 1-ден 25-ке дейін. Табылған сандар тек

көзбен белгіленеді. Алайда бұл іздеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Жаттығуды дұрыс орындау үшін, және сәйкесінше, ауқымды көру қабілетін жаттықтыру арқылы барлық сандарды тезірек табу үшін назарды кестенің дәл ортаңғы торына, бірақ барлық кестені көре алатындай қою керек.

Ұйқысыздықтың ауырлық индексі (ISI). 7 сұрақтан тұрады, нәтижелерді түсіндіру: 0-7 балл – норма; 8-14 жеңіл ұйқының бұзылуы; 15-21 – орташа; 22-28 – айқын.

2.3 Иммунологиялық тәсілдер.

Барлық науқастардан иммуноглобулин G анықтау үшін ресми «SARS-CoV-2-IgG-ИФА» арналған реагенттер жинақтары қолданылып, Шымкент қаласындағы сертификацияланған «Invitro» атты иммунологиялық зертханада иммуноферменттік анализатор аспабы арқылы қан сарысуында зерттелінді.

2.4 Сілекей және қан тромбоциттерінің талдауы

Науқастардың сілекейдің құрамындағы липидтердің гидроасқын тотықтарының (ЛГАТ) деңгейі Мирончук В.В. [150] әдісімен анықталды. Әдістің негізінде радонисті аммониймен түрлі-түсті кешен түзетін липидтердің гидрототықтарының Fe^{+2} , Fe^{+3} -ге айналдыратын қабілеті жатыр. Липидтердің гидроасқын тотықтарының деңгейі оптикалық тығыздық бірлігімен өлшенді.

Науқастардың сілекейдің құрамындағы супероксиддисмутаза (СОД) белсенділіктерін Зайцев В.Г. [151] және т.б. әдістерімен анықтадық.

Зерттеу эритроциттердегі осы ферменттердің белсенділігін арнайы субстраттарға негізделген химиялық реакциялар және реакция жылдамдығын өлшеу арқылы бағалайтын әдіс қолданылды. Бұл ферменттердің белсенділігін анықтаудың әдістеріне мыналар жатады:

Глутатион пероксидаза белсенділігін талдау әдісі: әдетте бұл ферменттің белсенділігін өлшеу үшін сутегі асқын тотығы немесе органикалық пероксидтер сияқты субстраттар қолданылады, содан кейін жарықтың сіңуін өлшейді (мысалы, спектрофотометрия арқылы).

Супероксид дисмутаза белсенділігін талдау әдісі: СОД белсенділігін бағалау көбінесе нитротетразолий тұзы (NTB) қосылған кезде пайда болатын супероксидпен реакцияны қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ерітіндінің бояу қарқындылығының төмендеу жылдамдығы өлшенеді, бұл СОД белсенділігімен тікелей байланысты.

Биологиялық ортада липидтердің мөлшерін “Лахема-Биотест” жинағымен анықтадық.

Науқастардың эндогендік уыттануын объективті түрде бағалау үшін сілекейдің құрамындағы орта уыттылық молекулалардың мөлшерін 254 нм-де спектрофотометриялық әдіспен [152,153,154] және эндогенді уыттану индексын Орманов Н.Ж әдісімен анықтадық [155].

Липидтердің еркін радикалды үрдістерінің негізгі жағдайын бағалау үшін липидтердің еркін радикалды тотығуы мен антиототықтырғыш тепе-

теңдігін анықтауда біріктірілген көрсеткішінің арнаулы есептеу өрнегін қолданып, анықталды [161]:

$$BK = \frac{ATЖ}{ЛАТ};$$

мұндағы: БК-біріктірілген көрсеткіш; ЛГАТ-липидтердің гидроасқын тотығы; СОД-супероксиддисмутаза; Т-тәжірибелік топ; Б - бақылау тобы.

ПКС пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығын анықтау үшін проф. Д.А.Әділбекова әдісі қолданылды [156].

15.04.2011 ж. №23890 Ксенобиотикаға организмнің төзімділігін анықтау тәсілі проф.Д. Әділбекова ұсынылған әдіс организмнен ксенобиотиктердің шығарылуына байланысты организмнің изониазидке жеке төзімділігін (сезімталдығын) анықтауға мүмкіндік береді. Пациенттер 3 топқа бөлінді: төзімді, сезімтал және өте сезімтал.

КТ мәні<1,1 шартты бірліктер болғанда анықтайды, организмнің изониазидке төзімді тобы деп аталады.

КТ=1,2-1,5 шартты бірліктер мәні - изониазидке сезімталдық және КТ>1,5 шартты бірліктер мәнімен айқындалып, изониазидке аса сезімталдықты топ деп анықтадық.

2.5 Фармакоэкономикалық талдау әдістемесі

«Шығын тиімділігін» клиникалық-экономикалық тұрғыдан талдау үшін стандартты әдістер қолданылды. Қолданған дәрілердің, сырқаттардың толық құны, шығын-пайдалылық, шығын-белсенділік, және т.б. көрсеткіштері есептелінді. Емнің пайдалы белсенділігін есептеу үшін сырқаттардың емге дейінгі және емнен кейінгі эндоуыттанудың индексі және АТЖ-ЛАТ-нің интегралды көрсеткіштері қолданылды [155,157,158,159].

Дәрілердің құнын «Еврофарма» дәріханасының прайс қағазын қолданып, есептедік.

ФТК-дердің тиімділік құнын аурудың жалпы құны мен емдеу нәтижесінің көрсеткіші келесі өрнек арқылы анықталды:

Тиімділік көрсеткішін, яғни қолданыған емнің белсенділігін анықтау үшін ресми есептеу өрнегі қолданылды:

$$TK = \frac{TШ}{MT} \quad (1)$$

MT

Мұндағы ТШ – тікелей шығынның мөлшері (теңге), емдеу барысында дәріге немесе медициналық сүліктің қолданған ресми бағалары (құндары), MT – меншікті тиімділік, ТК – тиімділік көрсеткіші.

Фармакотерапиялық кешендердің меншікті тиімділігін төмендегі өрнек арқылы анықтадық.

$$\text{Меншікті тиімділік (MT)} = \frac{ED - EK}{44} \quad (2)$$

ЕК

Мұндағы МТ - меншікті тиімділік, ЕД - емге дейінгі көрсеткіш, ЕК - емнен кейінгі көрсеткіш

Фармакотерапиялық кешендердің, фармакоэкономикалық көрсеткіштерін негізінің бірі - шығын–пайда көрсеткіші (ШПК) төмендегі өрнек арқылы есептедік.

$$(1) \quad \text{Шығын–пайда көрсеткіші (ШПК)} = \frac{\text{Жалпы құны 2} - \text{Жалпы құны 1}}{\text{Меншікті тиімділік 2} - \text{Меншікті тиімділік 1}}$$

Мұндағы: ШПК - шығын–пайда көрсеткіші.

Фармакотерапиялық кешендердің, фармакоэкономикалық көрсеткіштерін негізінің бірі - шығын–белсенділік көрсеткіші (ШБК) төмендегі өрнек арқылы есептедік.

$$(2) \quad \text{Шығын белсенділік көрсеткіші (ШБК)} = \frac{\text{Жалпы құны 2} - \text{Жалпы құны 1}}{\text{ШПК 1} - \text{ШПК 2}}$$

Мұндағы ШБК – шығын белсенділік көрсеткіші, ШПК_{1, 2} – салыстырмалы фармакотерапиялық кешендердің мәндері.

Зерттеу барысында үнемдеу көрсеткіштерін (УК) белгілі ресми емдеу стандартында қолданған дәрілердің құны немесе-шығын пайда көрсеткіштерінің айырмашылығы арқылы өрнектелді.

2.6 Мәліметтерді өңдеудің статистикалық әдістері

Алынған нәтижелерді математикалық жолмен өңдеу Р.Б. Стрелковтың «Экспресс-метод статистической обработки экспериментальных и клинических данных» оқу-әдістемелік құралы негізінде вариациялық статистика бойынша есептелінді, графиктер мен диаграммаларды Excel-7,0 электрондық кесте арқылы құрастырдық. Жазба мәтіндерді басу, өңдеу мен безендіру жұмыстарын Statistica 10 («StatSoft Inc», США) және Microsoft Excel операциялық жүйесіндегі MS Word мәтіндік редактордың көмегімен жүзеге асырылды. Топтардағы өзгешеліктердің дұрыстығын бағалау үшін Стьюдент критериясы қолданылды:

$$t_{xy} = \frac{M_1 - M_2}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}}$$

мұндағы: t - дұрыстығының критерийі;


М₁ және М₂ – орта көрсеткіштер;










м₁ + м₂ - көрсеткіштердің орташа қателіктері;




2.7 Постковидті синдромды пациенттерді гирудотерапиямен емдеу үшін қолдану аймақтары мен нүктелері

Гирудотерапиясын жүргізу үшін салмағы 2,0 грамм медициналық сүліктер (МС) қолданылды, орталық жүйке жүйесінің когнитивті ауытқулардың дәрежесіне және пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты, ксенобиотикке төзімді пациенттерге 6,0 бірлікті медициналық сүліктертерді, сезімтал дәрежеде 10,0 дана, өте сезімтал дәрежедегі пациенттерге - 13 дана МС қойылды. МС қойылымының кезеңдері мен нүктелері С.Ж. Серікбаеваның әдістемесі бойынша жүргізілді АК №21863 19 қараша 2021ж [5].

Постковидті синдромды емдеу және постковидті синдромның асқынуларының барлық спектрінің алдын алу схемасы [14].







Зубейда М.М. және т.б. мәліметтері бойынша «Аллоплант» препаратын ПКС пациенттердің қытай медицинасының кейбір биологиялық белсенді нүктелеріне қолданғанда, оның белсенділігі басқа әдістерге қарағанда жоғары болды.

Осы жағдайды ескере отырып, МС жүйелі, кезеңдік, қадамдық арнаулы энергетикалық каналдардың сәйкес, тиесілі нүктелеріне қою арқылы емдеу тактикасын қолдандық (Патент 1. Способ лечения медицинской пиявкой пациентов с нейropsychологическими нарушениями при постковидном синдроме» по заявке №2023/0067 және 2. «Способ определения лечебной персонализированной дозы медицинских пиявок при гирудотерапии» №2023/0893.1 (25.12.2023).

Зерттеуге алынған пациенттерге дәстүрлі және актовегинмен құнарланған медициналық сүлікті кезеңдік әдіс арқылы қолданудан кейін клиникалық және биохимиялық әдістерді қолдану арқылы фармакоэкономикалық көрсеткіштерін анықтадық.

3. ЖЕКЕ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Стандартты және актовегинмен құнарланған гирудотерапияның пациенттердің ксенобиотиктерге сезімталдығын ескере отырып, постковидтік синдромның когнитивтік көріністеріне әсерін салыстырмалы талдау

Соңғы он жылдықта тромбоциттердің көп қырлы қасиеттерін реттеуге негізделген мидың қан тамырлары ауруларын фармакологиялық түзетудің жаңа бағыты қалыптасты. Сонымен қатар, бұл араласудың негізгі мақсаты тромбоциттік агрегаттардың қалыптасу сатысында тромбозды тоқтату болып табылады.

Сонымен қатар, антитромбоциттік әсер ету құралдарының кең арсеналының болуына қарамастан, антиагреганттардың тиімділігі және

оларды клиникалық практикада пайдалану көбінесе бірқатар проблемаларға тап болады.

Сонымен, бірге атикоагулянтты және антиагрегантты препараттардың оңтайлы емдік дозаларын (атап айтқанда, аспирин, дипиридомол) анықтау мәселелері әлі шешілмеген және даулы болып қала береді, жекелеген пациенттерге қолданатын дәрілерге организмнің құнарланған ерекшеліктері ескермей пайдалану кезінде, олардың тиімділігі төмендейді, керісінше олардың жағымсыз әсерлері орын алып және төзімділіктің пайда болу жиілігін зерттеу бойынша деректер іс жүзінде жоқ. ПКС кезінде тромбогенез теңгерімсіздігінің алдын алу үшін тромбозға қарсы препараттар, фракцияланбаған гепарин, кальций надропарині, натрий эноксапарині, натрий фондапаринуксы қолданылады. Гирудотерапияны қолдану бойынша кейбір бірен сара ғылыми әзірлемелер белгілі.

Авторлар жүргізген клиникалық зерттеулер көрсеткендей, сүліктерді жүйке жүйесінің, өкпенің проекциясының, кіндік айналасындағы аймаққа және паранальды аймаққа қою орталық жүйке жүйесінің когнитивті функцияларын қалыпқа келтіреді, 2 және 3 дәрежелі постковидті синдромы бар пациенттерде жиі кездесетін мазасыздық пен депрессияның көріністерін және пациенттердің ауырлық дәрежесін төмендеуге алып келеді [7].

Постковидті синдромды пациенттердің жүйке жүйесінің когнитивтік қызметінің жағдайын МоСА шкаласы бойынша анықтағанда сырқаттардың ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты оның мәнін бақылау тобымен салыстырғанда ксенобиотикке төзімді дәрежелі сырқаттарды 31,7 % -ға, сезімтал дәрежелі пациенттерде 47,3%-ға, өте сезімтал дәрежелі сырқаттарды 66,0 %-ға, жалпы топта - 44,4%-ға төмендейді (кесте - 6, сурет - 6).

ПКС науқастардың неврологиялық жағдайына дәстүрлі және құнарланған гирудотерапиядан кейінгі нейропсихологиялық сипаттамасының салыстырмалы көрсеткіштері 6-ші кестеде көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері медициналық сүліктермен емдеу кезінде МОС шкаласының мәндері, гирудотерапияның 2-ші, 5 –ші және 10 – шы сеансынан кейін $16,7 \pm 0,83$ баллдан $18,2 \pm 0,53$, $21,7 \pm 1,03$ және $26,7 \pm 1,33$ баллға дейін артады, ұлғаю деңгейі 8,9%- ды, 29,9%- ды және 59,8% - ды құрайды, алайда 10 реттік гирудотерапияның нәтижелерінің бақылау тобымен салыстырғанда 11,0%-ға кеміген, ал құнарланған гирудотерапияның (ДМС-ті) пайдалана отырып емшара терапиясы кезінде 2-ші, 5-ші және 10 рәсімнен кейін жоғарылауы 46,7% -ды, 37,7% -ды және 79% -ды құрайды, дәстүрлі (стандартты) әдіспен салыстырғанда, сәйкес топтың нәтижелерінен өсуі 45,6% -ды және 37,7% - ды құрайды және 5-ші рәсімнен кейін бақылаудағы тұлғалардың мәніне жетеді.


Гирудотерпиямен емдеу кезінде ПКС кезінде көру конструктивтік және атқарушылық дағдылар гирудотерапияның 2-ші, 5-ші және 10-шы сеансынан кейін $3,0 \pm 0,18$ баллдан (бақылау тобы), жоғары болады, олардың мәндері $3,4 \pm 0,18$; $3,9 \pm 0,19$ және $4,8 \pm 0,24$ баллға дейін жоғарылады, яғни өсу деңгейі

13,3%, 30% және 60% тең болды, алайда, бақылау тобымен салыстырғанда 11,0% - ға азайды, ал құнарланған гирудотерапияның (ҚМС-ті) пайдалана отырып емшара терапиясы кезінде 2-ші және 5-ші рәсімнен кейін фонмен (емге дейінгі) салыстырғанда 43,3%-ды және 30% -ды құрайды, дәстүрлі (стандартты) емдік әдістемеден алынған сәйкес нәтижелермен салыстырғанда өсімдері 26,7% -ды және 28,2% -ды құрайды және 5-ші рәсімнен кейін бақылау тұлғалар мәнінің деңгейіне жетеді.

Кесте - 6. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС-лы пациенттердің когнитивтік профильдің салыстырмалы сипаттамасы.

Көрсеткіштер	БТ	топтар	ПКС+ Гирудотерапия			
			ГТ дейін	3- тәулік	6- тәулік	11- тәулік
МОС шкаласы	30±0,83	1	16,7±0,83*	18,2±0,53*	21,7±1,03 [#]	26,7±1,33 [#]
		1-а		29,9±0,52 [#]	29,9±1,52 [#]	30,5±0,72* [#]
Көру конструктивтік және атқарушылық дағдылар	5,0±0,20	1	3,0±0,18*	3,4±0,18*	3,9±0,19 [#]	4,8±0,24 [#]
		1-а		5,0±0,25	5,0±0,24 [#]	4,3±0,18*

Ескертулер: БТ-бақылау тобы, ЕТ-емдеу топтары; 1.-төзімді дәрежелі, 2- сезімталды дәрежелі, 3 - өте сезімталды дәрежелі, 4 - ПКС-топтың жалпы көрсеткіші, *-бақылау тобымен салыстырғанда, # - дәстүрлі гирудотерапиялық топпен салыстырғандағы маңыздылық деңгейінде $P<0,05$.



Ескерту: Бт - бақылау тобы, Жт - жалпы топ, Тд - төзімді дәрежелі, Сд - сезімтал дәрежелі, Өсд - өте сезімтал дәрежелі.

Сурет 2. ПКС кезінде МОС шкаласы мәнінің пациенттердің ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты жағдайы

Осылайша, жүргізілген зерттеулер келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Гирудотерапияда қолданылғанға дейін биологиялық белсенді препараттармен құнарланған МС алуы үшін атап айтқанда, нейротектор - актовегин 400мг дозада 100мл дисс. суға 400мг дозадағы мөлшерін қолданып, 24 сағатқа дейін инкубациясы жасалғаннан кейін ПКС-ды науқастарға қолданғанда айқын нейротекторлық әсерге ие болды.

Когнитивтік саланы зерттеу үшін біз МОС шкаласы бойынша нейropsychологиялық тестілеу жүргіздік (когнитивтік функцияларды бағалаудың Монреаль шкаласы). Монреальды танымдық бағалау шкаласы сезімтал танымдық дисфункцияны тез бағалау құралы ретінде қолданады. Ол әртүрлі танымдық салаларды бағалайды: зейін мен шоғырлану, атқарушы функциялар, есте сақтау, тілдесу, көрерменнің конструктивті дағдылары, дерексіз ойлау, санау және бағдарлау. МОС уақыты шамамен 10 минутты құрайды. Ең жоғары ықтимал балл саны - 30; 26 және одан жоғары балл қалыпты болып саналады [8]. Қазіргі уақытта MOS шкаласы ең көп қолданатын әдістердің бірі болып саналады.

Зерттеу нәтижелері 7- кестеде келтірілген.

Постковидті синдромды пациенттердегі жүйке жүйесінің когнитивтік қызметінің жағдайын МоСА шкаласы бойынша анықтағанда сырқаттардың ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты оның мәні бақылау тобымен салыстырғанда төзімді дәрежелі сырқаттарды 31,7 %-ға, сезімталды дәрежелі пациенттерде 47,3 %-ға, өте сезімтал дәрежелі сырқаттарды 66,0 %-ға, жалпы топта - 44,3%-ға төмендейді (кесте-7).

Медициналық сүліктермен ПКС-ды төзімді дәрежелі сырқаттарды дәстүрлі гирудотерапиямен емдегенде, гирудотерапияның 2-ші, 5-ші және 10-шы процедураларынан кейін МоСА шкаласы $20,5 \pm 0,72$ ұпайдан $24,5 \pm 0,72$ ұпайға өсті, яғни 19,5%-ге дейін артады, 5-ші және 10-шы процедураның әсерінен $25,8 \pm 1,29$ және $28,9 \pm 1,52$ ұпайға дейін жоғарылады, өсу деңгейі 25,8% және 36,1%-ға тең болды, дегенмен, бақылау тобымен салыстырғанда 14,0 %-ға және 7,0 %-ға төмендеген қалпында орын алды.

Кесте - 7. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС-лы пациенттердің МОС шкаласының – нейropsychологиялық профильдің салыстырмалы сипаттамасының жағдайы.


Көрсеткіштер	ПКС		Гирудотерапия		
	ЕТ	ГТ дейін	3- тәулік	6- тәулік	11- тәулік
БТ					
30±0,83	1	20,5±0,72*	24,5±0,72*	25,8±1,29 [#]	28,9±1,52 [#]
	1-a		26,5±0,72* [#]	29,9±0,52 [#]	29,9±1,52 [#]
	2	15,8±0,79*	17,1±0,59*	19,4±0,85 [#]	28,2± 1,45 [#]
	2-a		25,6±0,79*	29,2± 1,45 [#]	29,2± 1,45 [#]

	3	10,2±5,4*	13,2±0,51*	16,9±0,82 [#]	28,9±1,46 [#]
	3-a		18,3±0,91*	29,9±1,46 [#]	29,9±1,46 [#]
	4	16,7±0,83*	18,2±0,53*	21,7±1,03 [#]	26,7±1,33 [#]
	4-a		23,4±1,17*	27,3±1,36	29,3±1,44

Ескертулер: БТ-бақылау тобы, ЕТ-емдеу топтары; 1.-төзімді дәрежелі, 2- сезімталды дәрежелі, 3 - өте сезімталды дәрежелі, 4 - ПКС-топтың жалпы көрсеткіші, *-бақылау тобымен салыстырғанда, # - дәстүрлі гирудотерапиялық топпен салыстырғандағы маңыздылық деңгейінде $P<0,05$.

Ксеноботикке сезімталды дәрежелі ПКС бар пациенттерде гирудотерапиясын қолдану кезінде, МОС шкаласының мәні гирудотерапияның 2-ші, 5-ші және 10-шы сеансынан кейін $15,8\pm0,79$ ұпайдан (емге дейінгі көрсеткіштерінен) $17,1\pm0,59$, $19,4\pm0,85$ және $28,2 \pm 1,45$ ұпайға дейін артады, өсу деңгейі 8,2%, 13,4% және 27,9%-ды құрайды, алайда бақылау тобымен салыстырғанда ол 6,0%-ға төмендеген күйде қалып отыр, ал құнарланған МС қолданғанда, 2-ші және 5-ші процедурадан кейінгі өсу 62,0% және 84,8% тең болады, өсу деңгейі стандартты әдіске қарағанда 49,7% және 50,0%-ды құрайды, ал 5-ші процедурадан кейін ол бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (Кесте - 7, сурет-3).


сурет-3



Ескерту: 2, 5 және 10 - реттік ГТ - лық процедураның саны.


Сурет 3. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС-лы пациеттердің МОС шкаласынын ксенобиотикке төзімді тобындағы жағдайы (%).

Құнарланған (актовегинмен бекітілген МС) қолданатын гирудотерапиясының әсерінен екі реттік процедурадан кейінгі өсу деңгейі 29,3%-ға тең болды және 5-ші және 10-шы процедуралар кейін 45,8% -ға тең болды, дәстүрлі (стандартты) әдіспен салыстырғанда өсу деңгейі 8,1-ға, 15,8%-ға және 7,2%-ды құрайды, 5-ші – процедурадан кейін оның мәні бақылау тұлғаларына көрсеткішіне жетеді немесе теңеле түседі (кесте - 7, сурет – 4,5).



Ескерту: Бт-бақылау тобы. Ед - емге дейінгі көрсеткіш 2, 5 және 10 – реттік ГТ-лық процедураның саны.


Сурет 4. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС-лы пациенттердің МОС шкаласының ксенобиотикке төзімді тобындағы жағдайы (%).



Ескерту;2- Емге дейінгі көрсеткіш,3- екі реттік процедурадан кейінгі көрсеткіш,4 – бес реттік процедурадан кейінгі көрсеткіш,5-он реттік процедурадан кейінгі көрсеткіш.

Сурет -5 . Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапияның ПКС сезімталды дәрежелі сыркаттардың МОС шкаласының жағдайына әсерлері.

Ксеноботикке өте сезімтал дәрежелі пациенттерде стандартты гирудотерапиясының әсерінен , МОС шкаласы, гирудотерапияның 2-ші, 5-ші және 10-шы сеанстарынан кейін $10,2 \pm 5,4$ баллдан $13,2 \pm 0,51$, $16,9 \pm 0,82$ және $28,9 \pm 1,46$ ұпайға дейін көтеріледі, өсу деңгейі 29,4%, 65,6% және 193,1% -ды құрайды, алайда бақылау тобымен салыстырғанда 3,5%-ға төмендеген күйде қалып отырды. Құнарланған (актовегинмен құнарланған МС) гирудотерапияның әсерінен екі және бес реттік процедурадан кейінгі өсу фондық көрсеткішпен салыстырғанда 79,4% және 99,0%-ға тең болды, стандартты әдіске салыстырғанда өсу деңгейі 50% және 33,4% құрайды, ал 5-ші процедурадан кейін бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (кесте -7, сурет-6).




Ескерту: Ед- Емге дейінгі көрсеткіш, 2 - екі реттік процедурадан кейінгі көрсеткіш, 5 - бес реттік процедурадан кейінгі көрсеткіш, 10 - он реттік процедурадан кейінгі көрсеткіш.

Сурет -6 . Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапияның ПКС-ды ксенобиотикке өте сезімталды дәрежелі пациенттердің МОС шкаласының жағдайына әсерлері

Сонымен, зертеу нәтижесінде алынған ақпараттар ПКС пациенттерді емдеу кезінде гирудотерапияның позитивті әсерінен МОС шкаласы мәндері организмнің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты әр түрлі дәрежелердегі өзгерістер орын алады, төзімді пациенттерде өсуі 8-29%-ды, сезімталды тобында 62-89%-ды, ксенобиотикке өте сезімталды тобында 79,4-199%-ды құрайды, дараланған гирудотерапияның әсерінен дәстүрлі тобымен салыстырғанда өсу деңгейі төзімді пациенттерде 8,1-ға 15,8%-ға, сезімталды тобында 49,7% және 50,0%-ға, ксенобиотикке өте сезімталды тобында 38,6% және 76,9%-ға жоғарылайды.

Көрнекі-конструктивтік және орындаушылық дағдылардағы (ВКАД-визальды-көрнекті атқарушы дағдылары) бұзылуларды анықтау үшін пациенттерге «сызу сағаты» сынағы, «текше» сынағы және «ауыспалы жолды құру» тестін орындау ұсынылды. Біз пациенттердің 40% тестілеуді толық орындамағанын анықтадық. ПКС бар науқастар тобында пациенттердің 93,3% «Объектілердің атауы» сынағымен бағаланды.

ПКС бар науқастардың визуалды конструктивті және орындаушылық дағдылары сырқаттардың ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты оның мәні бақылау тобымен салыстырғанда төзімді дәрежелі сырқаттарды 31,0%-ға, сезімталды дәрежелі пациенттерде 47,3%-ға, өте сезімтал дәрежелі сырқаттарда 66,0 %-ға, жалпы топта - 44,3%-ға төмендейді (сурет 7).



Ескерту: Бт - бақылау тобы, Тд - төзімді дәрежелі, Сд - сезімтал дәрежелі, Өсд - өте сезімтал дәрежелі.

Сурет 7. ВКАД-тың ПКС –ды сырқаттардың сезімталдық дәрежесіне байланысты жағдайы


ПКС бар науқастардың визуалды, конструктивті және орындаушылық дағдылары 2-ші және 5-ші процедурадан кейін 30% -ға, 10-шы сессиядан кейін олар сәйкесінше 60% -ға артады және зерттеудің 11-ші күні бақылаушы тұлғалар деңгейіне жетеді.

Ксеноботикке төзімді дәрежелі ПКС бар пациенттерде көрнекі конструктивті және орындаушылық дағдылар көрсеткіштері екі, бес және он реттік стандартты гирудотерапиясын 12,0 г дозасында қолданғаннан кейін 2,4%, 9,7% және 19,5%, ал құнарланған МС осы дозада қолданғанда өсу деңгейі 19,3%-ке 25,8% және 54,8% жоғарылады. Стандартты гирудотерапияға қарағанда құнарланған МС-тің әсерінен өсу деңгейі 4,7%-ға және 28,2%-ға тең болды және 5-ші процедура кейін бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (кесте - 8, сурет 8).

Кесте 8. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС – дағы сырқаттардың ксеноботикке сезімталдық дәрежесіне байланысты визуалды конструктивті және атқарушы дағдылардың салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіштер	Бт	ПКС-ның ГТ алдын		Гирудотерапия (Зерттеу уақыты)		
			Гтд	3-ші тәулік	6-ші тәулік	11-ші тәулік
Визуалды конструктивті және атқарушы дағдылардың мәні	5,0±0,20	1	4,1±0,20*	4,2±0,10*	4,5±0,20 [#]	4,9±0,24 [#]
		1-a		4,7±0,22*	5,0±0,26	5,0±0,24 [#]
		2	3,1±0,14*	3,7±0,14*	3,9±0,19 [#]	4,8±0,26 [#]
		2-a		4,0±0,14*	5,0±0,24	5,0±0,24 [#]
		3	1,8±0,09*	2,2±0,09*	3,8±0,17 [#]	4,7±0,21 [#]
		3-a		4,1±0,09*	5,0±0,23	5,0±0,24 [#]
		4	3,0±0,18*	3,4±0,18*	3,9±0,19 [#]	4,8±0,24 [#]
		4-a	*	4,3±0,18*	5,0±0,25	5,0±0,24 [#]


Ескерту: Бт-бақылау тобы, ПКС - постковидті симптом: 1 - төзімді дәрежелі, 2 - сезімтал дәрежелі, 3 - өте сезімталды дәрежелі, 4 - топтың жалпы көрсеткіші, *- бақылау тобымен салыстырғанда топтарда айтарлықтай айырмашылықтар, маңыздылық деңгейінде < 0,05, # - маңыздылық деңгейінде < 0,05, ПКС емдеуге дейінгі топпен салыстырғанда топтардағы елеулі айырмашылықтар.



Ескерту: Ед - емге дейін, 3,6 және 11 - зертеу уақыттары, ДГТ - дәстүрлі гирудотерапия, ТГТ – тиімді (Құнарланған) гирудотерапия.

Сурет 8. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ксенобиотикке төзімді дәрежелі ПКС –ды сырқаттардың ВКАД-тың зерттеу уақыттарына байланысты өзгеруі (ШБ)


Құнарланған гирудотерапиясын қолданғаннан кейін ксенобиотикке сезімталды дәрежесі бар пациенттерде көрнекі конструктивті және орындаушылық дағдылары көрсеткіштері екі және бес реттік қолданғаннан кейін - 46,7%-ға және 37,7%-ға жоғарылады, стандартты гирудотерапияға қарағанда 24,7%-ға және 28,2% -ға өсті, ал 5-ші процедура кейін деңгейі бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (сурет - 9).



Ескерту: Ед - емге дейін, 3,6 және 11 - зерттеу уақыттары, Дгт - дәстүрлі гирудотерапия, Тгт – тиімді (Құнарланған) гирудотерапия.

Сурет 9. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС –да ксенобиотикке сезімталды сырқаттардың ВКАД-тың зерттеу уақыттарына байланысты өзгеруі

Ксеноботикке өте сезімталды дәрежелі ПКС –лы науқастарға дәстүрлі МС 26,0 грамм дозада екі, бес және он реттік қолданғаннан кейін, көрнекі конструктивті және орындаушылық дағдылар көрсеткіштері 22,2%, 72,7% және бірнеше рет (113,6%) өседі, ал Құнарланған МС қолдану кезінде 2 және 5 процедурасынан кейін, өсу деңгейі 86,3% және 37,7% тең болды, стандартты әдіске қарағанда өсу мөлшерлері 45,6% және 37,7% тең болды, ал 5-ші процедурадан кейін бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (кесте - 8, сурет 10.)




Ескерту: ВКАД - визуалды конструктивті және атқарушы дағдылар, 1-Бақылау тобы, 2-емге дейінгі, 3,4 және 5 – екі,бес және он реттік ГТ процедурадан кейінгі көрсеткіштер.

Сурет 10. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ксенобиотикке өте сезімталды ПКС –ды сырқаттардың ВКАД-тың өзгеруі


Сонымен, зерттеу кезінде алынған мәліметтер, ПКС кезінде визуалды конструктивті және атқарушы дағдылардың (ВКАД) мәні пациенттердің ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты азайды, ең үлкен мәні төзімді дәрежеліде орын алса, ең төменгі мәні өте сезімтал дәрежелі сырқаттарда болады. Дәстүрлі және құнарланған гирудотерапиялардың емдік әсерлерінің нәтижесінде ВКАД сынағының көрсеткіштері жоғарылайды, құнарланған гирудотерапияның белсенділігі дәстүрлі емге қарағанда төзімді тобында 4,7%-ға және 28,2% -ға, ксенобиотикке сезімтал тобында 24,7%-ға

және 28,2% -ға өсті, өте сезімтал тобында өсу деңгейі 45,6% және 37,7%-ға тең болды (кесте - 8, сурет 11, 12).



Ескерту: ВКАД - визуалды конструктивті және атқарушы дағдылар, 1 - Бақылау тобы, 2-емге дейінгі, 3, 4 және 5-екі, бес және он реттік ГТ процедурадан кейінгі көрсеткіштер.

Сурет 11. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС – ды сырқаттардың ВКАД-тың жалпы топта өзгеруі (%)



Ескерту: ВКАД-визуалды конструктивті және атқарушы дағдылар, Ед-емге дейінгі, 3,6 және 11 –екі, бес және он реттік ГТ процедурадан кейінгі көрсеткіштер.

Сурет 12. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС – ды сырқаттардың ВКАД-тың зерттеу уақыттарына байланысты жалпы топта өзгеруі (Бб)

3.2. Ксенобиотиктерге жеке сезімталдықты ескере отырып, постковидтік синдром кезінде депрессиялық жағдайларды түзетудегі стандартты және актовегинмен құнарланған гирудотерапияның тиімділігі

Скрининг бойынша анықталған эмоционалдық бұзылыстарды объективті растау – сұрау психометриялық тестілеу кезінде расталды. мазасыздық деңгейін Спилбергер-Ханин шкаласы бойынша, депрессияны Бек шкаласы бойынша және Шульте сынағы бойынша зерттедік.

Медициналық сүліктермен емдеу кезінде Шульте сынағасы (сек.) ПКС кезінде гирудотерапияның 2-ші, 5 –ші және 10 – шы сеансынан кейін 5,9%-ға, 13,2%-ға және 59,8%-ға азаяды, алайда бақылау тобымен салыстырғанда 14,5% - ға ұлғайды, ал құнарланған гирудотерапияның (ҚМС-ті) пайдалана отырып емдеу кезінде 2-ші, 5-ші және 10-шы процедуралардан кейін төмендеуі фондық мәнімен салыстырғанда 18,3%-ды, 46, 0%-ды және 80,0% - ды құрайды, дәстүрлі (стандартты) стандартты әдістемеден алынған нәтижелермен салыстырғанда өсу деңгейлері 13,2 %-ды, 29,9%-ды және 48,4%-ды құрайды және 5-ші рәсімнен кейін бақылау тұлғаларының мәнінің деңгейіне жетеді.

Гирудотерапиясы кезінде БЕК сынағасының мәні (депрессия белгілері) ПКС кезінде, стандартты гирудотерапияның 2-ші, 5-ші және 10-шы сеансынан кейін 24,9%, 40,0% және 88,4% -ға азаяды, алайда бақылау тобымен салыстырғанда бір реттен артық (127,7% -ға), ал гирудотерапиясы кезінде ҚМС-ны пайдаланғанда, 2-ші, 5-ші және 10-шы рәсімдерден кейін төмендеу 60,5% және 94,5% - ды құрайды, стандартты әдіспен алынған мәліметтерге қарағанда төмендеуі 41,4% және 91,7% - ды құрайды және 5-ші рәсімнен кейін бақылау тұлғаларының мәніне жақындады.

ISI шкаласы бойынша инсомнияның айқындылық дәрежесін зерттеу нәтижелері жүргізілген ГТ-дан кейін инсомдық бұзылулар саласында оң өзгерістер орын алатынын көрсетті, бұл туралы медициналық сүлікті қолданудың 2 және 5 – реттік және толық курсынан кейін «ұйқысыздықтың айқындылық индексінің (ISI)» 16%- ға, 37,5%- ға және 40,8% - ға төмендеуі, ал ДМС қолдану кезінде «ұйқысыздықтың айқындылық индексінің» (ISI) төмендеуі ерекше байқалады, ПКС науқастарында ұйқысыздықтың өте сезімталлық индексі (ISI) 2 және 5 рет қолданғаннан кейін 45,4% және 70% төмендейді (кесте - 6).

Кесте - 9. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС-лы пациенттердің депрессиялық профильдің салыстырмалы сипаттамасы.

Көрсеткіштер	БТ	топтар	ПКС+ Гирудотерапия			
			ГТ дейін	3- тәулік	6- тәулік	11- тәулік
Шульте сынамасы (сек.)	28,3±1,4	1	54,8 +2,75*	51,6 + 2,8*	47,6 ±2,32 [#]	32,4 ±2,8 [#]
		1-а		44,8±1,89	29,6±1,87 [#]	28,3±1,41
БЕК сынамасының мәні (депрессия белгілері)	1,1±0,06	1	21,5±1,07*	14,5±1,07*	12,9±0,64 [#]	2,5±0,32 [#]
		1-а		8,5±0,32	1,2±0,32	1,2±0,05


Ескертулер: БТ-бақылау тобы; Бөлшектің алымында - Дәстүрлі (N), 2-Құнарланған гирудотерапия (N_a), *- бақылау тобымен салыстырғанда топтарда айтарлықтай айырмашылықтар, маңыздылық деңгейінде P<0,05., # - дәстүрлі тобымен салыстырғандағы маңыздылық деңгейінде, P <0,05.

Шульте сынамасының мәндері ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты әр түрлі деңгейде орын алады, бақылау тобының көрсеткішімен салыстырғанда, оның деңгейі төзімді дәрежесінде 43 %-ға, сезімтал және өте сезімтал түрлерінде 100%-ға және 137%-ға жоғарылайды. ПКС-ды пациенттердің жалпы тобында бұл сынақтың мөлшері 93,6%-ға көтерілді, бірақ ксенобиотикке өте сезімталды тобына қарағанда 18,3 %-ға төмендесе, төзімді топтан 65,7%-ғат жоғарылайды (кесте - 9, сурет - 13).

Кесте - 10. ПКС-ды пациенттердің Шульте сынамасының ксенобиотикке сезімталдығына байланысты дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерлері.

Көрсеткіштер	ПКС ГТД		Грудотерапия		
	БТ	ЕД	2-ші пр-дан кейін	5-ші пр-дан кейін тәулік	10-ші пр-дан кейін тәулік
Шульте сынамасының мәні (сек.) 28,3±1,4	1	40,5±2,00*	36,5±1,00*	35,2±1,76 [#]	28,8±1,39 [#]
	1-а		31,5±1,00*	28,3±1,4	28,0±1,39
	2	56,6±2,42*	52,6±2,42*	49,1±2,13 [#]	31,8±1,87 [#]
	2-а		40,6±2,42*	28,6±1,87 [#]	28,8±1,89 [#]
	3	67,3±2,93*	60,3±2,93*	48,5±2,56 [#]	29,8±1,89 [#]
	3-а		44,5±2,56 [#]	30,8±1,89	28,01±1,89 [#]
	4	54,8 + 2,7*	51,1 + 2,8*	47,6±2,32 [#]	32,4 ±2,8 [#]
	4-а		44,8±1,89	29,6±1,87 [#]	28,3±1,41


Ескертулер: БТ - бақылау тобы, 1 - төзімді дәрежелі, 2 - сезімтал дәрежелі, 3 - өте сезімтал дәрежелі, 4 - жалпы топтың көрсеткіші, * - бақылау тобымен салыстырғанда топтарда айтарлықтай айырмашылықтар, маңыздылық деңгейінде, P<0,05, # - маңыздылық деңгейінде <0,05, ПКС емдеуге дейінгі топпен салыстырғанда топтардағы елеулі айырмашылықтар.



Ескерту: Бт - бақылау тобы, Жт - жалпы топ, Тд - төзімді дәрежелі, Сд - сезімтал дәрежелі, Өсд - өте сезімтал дәрежелі.

Сурет 13 .Шульте сынамасының ПКС-ды пациенттердің сезімталдық дәрежесіне байланысты жағдайы


Медициналық сүліктермен ПКС төзімді дәрежелі сырқаттарды дәстүрлі гирудотерапиямен емдегенде, Шульте сынамасының мәндері гирудотерапияның 2-ші, 5-ші және 10-шы процедураларынан кейін $40,5 \pm 2,00$ секундтан $36,5 \pm 1,00$; $35,2 \pm 1,76$ және $27,8 \pm 1,39$ секундқа дейін қысқарады, яғни емге дейінгі көрсеткіштен 10,0% -ға, 14,0% -ға және 29% -ға төмендеп дені сау кісілердің мәндеріне теңеле түседі. Осындай өзгерістер пациенттерді құнарланған медициналық сүліктермен емдегенде Шульте сынамасының мәндері едәуір жағдайда азайады, төмендеу көрсеткіштері сәйкес мәндерімен 2-ші және 5-ші емдік процедураларынан кейін пациенттердегі фондық мәнінен 23,3% және 30,1% төмендейді, дәстүрлі әдіспен салыстырғанда төмендеу 13,7% және 19,7% құрайды, ал 5-ші процедурадан кейін бақылау тұлғаларының деңгейге жетеді (кесте - 10, сурет -13).



Ескерту: Ед-емге дейінгі, 3,6 және 11 – екі, бес және он реттік ГТ процедурадан кейінгі көрсеткіштер.

Сурет 14. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС-мен ауыратын ксенобиотикке төзімді дәрежелі науқастардағы Шульте сынама-сының салыстырмалы сипаттамасы


ПКС сезімтал дәрежелі пациенттерде дәстүрлі гирудотерапияның әсеріннен 2-ші 5-ші және 10-ші гирудотерапиясының процедураларынан кейін Шульте сынағының мәні емге дейінгі мәндерге қарағанда 22,9% -ға, 22,9% -ға және 22,9% -ға төмендейді. Осы пациенттерге ҚМС қолдану кезінде Шульте сынағының мәні емге дейінгі мәндерге қарағанда 22,9% -ға және 37,3%-ға төмендейді, стандартты әдіспен салыстырғанда төмендеуі 42,8% және 45,7%-ға , ал 5-тен процедура кейінгі нәтижесінде бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (кесте 10,сурет -14).



Ескерту: Ед - емге дейінгі, 3,6 және 11 – екі, бес және он реттік ГТ процедурадан кейінгі көрсеткіштер. Дгт - дәстүрлі, Тгт - Құнарланған (түпнұсқалы) гирудотерапия. Ед - емге дейінгі, 3, 6 және 11 – екі, бес және он реттік ГТ процедурадан кейінгі көрсеткіштер.

Сурет 15. Ксенобитикке сезімтал дәрежелі ПКС-мен пациенттердің Шульте сынамаcына құнарланған және дәстүрлі гирудотерапияның әсерлері

ПКС өте сезімтал дәрежелі пациенттерде дәстүрлі гирудотерапияның әсеріннен 2-ші 5-ші және 10-ші гирудотерапиясының процедураларынан кейін Шульте сынағының мәні емге дейінгі мәндерге қарағанда 22,9% -ға, 22,9%-ға және 22,9%-ға төмендейді. ДМС қолданған өте сезімтал пациенттерде гирудотерапиясының 3-ші және 5-ші процедураларынан кейін Шульте сынағының көрсеткіштері 48,3%-ға және 46,7%-ға төмендейді, стандартты әдіспен салыстырғанда төмендеуі 42,8%-ға және 45,7%-ға, ал 5-ші процедурадан кейін бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (кесте 10, сурет -15).



Ескерту: Ед – емге дейінгі, 3,6 және 11 – екі, бес және он реттік ГТ процедурадан кейінгі көрсеткіштер (зерттеу уақыттары). Дгт - дәстүрлі, Тгт - Құнарланған гирудотерапия.

Сурет 16. ПКС-ды пациенттердің ксенобитикке өте сезімталды дәрежелі пациенттердің дәстүрлі және құнарланған (түпнұсқалы) гирудотерапиядан кейінгі Шульте сынамаcының салыстырмалы сипаттамасы

Зерттеу кезінде алынған мәліметтер, ПКС кезінде Шульте сынағының мәні пациенттердің ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты ұзарады, төменгі мәні төзімді дәрежеліде орын алса, ең үлкен мәні өте сезімтал дәрежелі сырқаттарда болады. Дәстүрлі және құнарланған гирудотерапиялардың емдік әселерінің нәтижесінде Шульте сынағының көрсеткіштері төмендейді, құнарланған гирудотерапияның белсенділігі дәстүрлі емге қарағанда төзімді тобында 13,7% және 19,7% құрайды, ксенобиотикке сезімтал тобында 42,8%-ға және 45,7%-ға % -ға, өте сезімтал

тобында 42,8%-ға және 45,7%-ға төмендейді. Дәстүрлі және құнарланған гирудотерапиялардың емдік әселерінің арқасында Шульте сынағының мәнінің дені сау кісілердің мәндеріне жақындау немесе теңелу 10-шы және 5-ші процедурадан (Құнарланған) кейін орын алды, яғни құнарланған гирудотерапияның бесленділігі жоғары болды.

Постковидтық синдром-COVID-19 симптомсын бастан өткерген реконвалесценттердің күнделікті белсенділігін едәуір шектейтін және кең таралған қазіргі клиникалық практиканың өзекті мәселесі; постковидтық синдромға симптомдардың гетерогенділігі мен мультимүшелікке тән, бұл пациенттерді емдеу және оңалту мәселелерінде мамандардың көп салалы өзара іс-қимылын талап етеді; COVID-19 симптомының патогенезін және тікелей постковидтық синдромды одан әрі зерттеу қажет; оңалту бағдарламалары мен кезеңдерін диагностикалау, емдеу, дамыту мүмкіндіктері.

Ерекшелік критерийлері: өте сезімтал немесе тұрақсыз ілеспе соматикалық патологияның болуы, инсульт және өтпелі ишемиялық шабуылдар, бас миының жарақаттары, ОЖЖ ісіктері, ОЖЖ аурулары (қабыну, дегенеративті, эпилепсия, церебральды сал ауруы), сондай-ақ психикалық (бұзылулар, депрессия, деменция, алкоголизм немесе нашақорлық. Іріктеу критерийлері: аурудың ұзақтығы кемінде жарты жыл. Барлық пациенттер зерттеуге қатысу үшін ақпараттандырылған келісімге қол қойды.


Beck депрессиясының сауалнамасы (Beck Depression Inventory –BDI) симптомдар мен шағымдардың 21 санатын қамтиды. Әр санат депрессияның нақты көріністеріне сәйкес келетін 5 мәлімдемеден тұрады, бұл симптомның депрессияның жалпы өте сезімталлығына қосқан үлесі артқан сайын сараланады. Әрбір санат бойынша көрсеткіш былайша есептеледі: шкаланың әрбір тармағы симптомның өте сезімталдығының өсуіне сәйкес 0-ден 4-ке дейін бағаланады. Жалпы балл 0-ден 62-ге дейін және тест нәтижелері келесідей түсіндіріледі: 0-9 - депрессиялық белгілердің болмауы; 10-15 - жұмсақ депрессия (субдепрессия); 16-19 - сезімтал депрессия; 20-29 - өте сезімтал депрессия (өте сезімталдық); 30-63 - өте сезімтал депрессия [9-12].

ПКС-дағы депрессия симптомының жағдайын зерттеу нәтижелері посткоронаровирустық симптомының пациенттеріне ксенобиотикке сезімталдығына байланысты депрессиялық бұзылулардың жоғарылауын көрсетті. Beck депрессиясының мәндері бақылау тобына қарағанда көрсеткіштері жалпы топта үш еседен артық (321%), төзімді пациенттерде 1,86 есе өседі, бірақ жалпы топқа қарағанда 32,1%-ға төменгі деңгейде орын алады, ксенобиотикке сезімталды пациенттерде дені сау адамдардың көрсеткішімен салыстырғанда 41%-ға жоғары және жалпы топтан айырмашылығы сенімсіз болады, ксенобиотикке өте сезімталды пациенттерде бақылау және жалпы топқа қарағанда төрт еседен артық (447%) және 27,3%-ға жоғарылайды, яғни депрессия жағдайы бұл пациенттерде өршиді (кесте -10, сурет - 16).

Кесте 11. ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты Бек сынамасының дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерлерінен өзгеруі.

Көрсеткіштер	ПКС, Гирудотерапия, зерттеу режимі				
	Топтар	Ед	3-тәулік	6-тәулік	11-тәулік
Бт					
Депрессия симптомы (Бека-тест) 5,1±0,06	1	14,6±0,73*	10,6±0,73*	8,7±0,43 [#]	5,85±0,09 [#]
	1-а		6,7±0,43 [#]	5,85±0,09 [#]	5,1±0,06
	2	20,9±1,02*	17,9±1,02*	12,5±0,68 [#]	5,50±0,12 [#]
	2-а		10,5±0,68 [#]	5,50±0,12 [#]	5,2±0,32
	3	27,9±1,39*	24,9±1,39*	16,7±0,92 [#]	5,30±0,16 [#]
	3-а		11,5±0,68 [#]	5,30±0,16 [#]	5,2±0,06
	4	21,5±1,07*	14,5±1,07*	12,9±0,64 [#]	5,5±0,32 [#]
	4-а		8,5±0,32	5,2±0,32	5,2±0,05

Ескертулер: БТ - бақылау тобы, ПКС таралатын коронаровирусты симптом 1-төзімді дәреже, 2 - сезімтал дәреже, 3 - өте сезімтал дәреже, 4 - топтың сезімтал көрсеткіші, * - бақылау тобымен салыстырғанда топтарда айтарлықтай айырмашылықтар, маңыздылық деңгейінде < 0, 05, # - маңыздылық деңгейінде < 0,05, ПКС емдеуге дейінгі топпен салыстырғанда топтардағы елеулі айырмашылықтар.




Ескерту: ПКС - постовидті синдром; БТ - Бақылау тобы, ЖТ - жалпы топ, ТТ-төзімді топ, СТ - сезімтал топ, ӨСТ - өте сезімтал топ.

Сурет-17.

Осы жағдайды ескере отырып ПКС кезінде депрессиялық бұзылуларға дәстүрлі (стандартты) және құнарланған гирудотерапиясының әсерінен анықтау өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Гирудотерапияның дәстүрлі (стандартты) әсерінен ПКС төзімді дәрежелі пациенттерде депрессия белгілері екі реттік процедурадан кейін $14,6 \pm 0,73$ бірліктен $10,6 \pm 0,73$ * бірлікке дейін төмендеді және төмендеуі 27,4% құрады, ал ДМС қолдану кезінде төмендеуі фонмен салыстырғанда 54,2% және стандартты терапиясымен салыстырғанда 36,8% болды. ПКС-ды стандартты гирудотерапиясын 5 күн бойы қолдану нәтижесінде Бек коэффициентінің мәні 40,5% төмендеді, ал құнарланған гирудотерапиясының (ДМС) әсерінен төмендеуі фонмен салыстырғанда 87,4%-ға және дәстүрлі (стандартты) гирудотерапиясымен салыстырғанда 79,1%-ға азайды және бақылау индикаторлық топтарға жақындады (кесте - 11, сурет - 17).




Ескертулер: БТ - бақылау тобы, ПКС таралатын коронаровирусты симптом; ТД - төзімді дәрежелі, 1 - емге дейін, 2 - 2 реттік гирудотерапия, 3- 5 реттік гирудотерапия, 4- гирудотерапиядан кейін топтың сезімтал көрсеткіші.

Сурет - 18. ПКС -ды ксенобиотикке төзімді дәрежелі сырқаттардың Бека сынама-сының дәстүрлі және құнарланған (түпнұсқалы) гирудотерапияның әсерінен өзгеруі

ПКС-ты сезімталды тобында пациенттерді медициналық сүлікті 20,0 грамм дозада (стандартты) гирудотерапиясының әсерінен ксенобиотикке депрессия белгілері екі реттік процедурадан кейін $20,9 \pm 1,02$ шартты бірліктен $17,9 \pm 1,02$ шартты бірлікке дейін төмендеді және төмендеуі 14,4%-ды құрады, ал ДМС қолдану кезінде фонмен және дәстүрлі топтармен салыстырғанда төмендеуі 49,8%-ды және 41,4%-ды құрады. ПКС-мен 5 күн бойы стандартты гирудотерапиясын қолдану депрессия коэффициенті 40,2% төмендеді, ал ДМС әсерінен төмендеу фонмен салыстырғанда 88,1% және


стандартты гирудотерапиясымен салыстырғанда азаюы деңгейі 80,0%-ды құрады және бақылау индикаторлы топтарына жақындады (кесте - 11, сурет 18).



Ескертулер: БТ - бақылау тобы, ПКС таралатын коронаровирусты симптом; ЖД - төзімді дәрежелі, 1 - емге дейін, 2 - 3 реттік гирудотерапия, 3- 5 реттік гирудотерапия, 4 - гирудотерапиядан кейін топтың сезімтал көрсеткіші.

Сурет-19. ПКС-ды ксенобиотикке сезімталды дәрежелі сырқаттардың Бека сынамасының құнарланған және дәстүрлі гирудотерапияның әсерінен өзгеруі


ПКС-ды ксенобиотикке өте сезімталды тобында пациенттерді медициналық сүлікті 26,0г дозада (стандартты) гирудотерапиясының әсерінен ксенобиотикке депрессия белгілері 2-ші және 5-ші дәстүрлі (стандартты) гирудотерапиясы процедураларынан кейін депрессия белгілерінің индикаторлық мәні пациенттерде 10,8%-ға және 40,2%-ға төмендеді, ДМС қолданған кезде олар 49,8%-ға және 88,2%-ға төмендеді, стандартты әдіспен салыстырғанда 30,4% және 47,5% құрайды және 5-ші процедурадан кейін бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (кесте - 11, сурет 19).



Ескерту; Ед - емге дейін, 2- 2 реттік гирудотерапия , 5- 5 реттік гирудотерапия, 10 - гирудотерапиядан кейін топтың көрсеткіші. Дгт-дәстүрлі, ДаГТ-Құнарланған гирудотерапия.

Сурет-20. Ксенобиотикке өте сезімталды дәрежелі ПКС-ды сырқаттардың Бека сынымасының дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерінен өзгеруі

ПКС-ды жалпы тобында пациенттерді стандартты гирудотерапиясының әсерінен ксенобиотикке депрессия белгілері 2-ші және 5-ші дәстүрлі (стандартты) гирудотерапиясы процедураларынан кейін депрессия белгілерінің индикаторлық мәні пациенттерде 17,6%-ға және 40,3%-ға төмендеді, ДМС қолданған кезде олар 54,3%-ға және 87,2%-ға төмендеді, стандартты әдіспен салыстырғанда 30,4% және 47,5% құрайды және 5-ші процедурадан кейін бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (кесте - 11, сурет 20).



Ескертулер: 1- емге дейін, 2- 2 реттік гирудотерапия , 3- 5 реттік гирудотерапия, 4- 10 реттік гирудотерапиядан кейін топтың көрсеткіші.

Сурет-21. ПКС-ды ЖТ (жалпы тобында) сырқаттардың Бека сынымасының дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерінен өзгеруі

Осылайша, ПКС ксенобиотикке сезімталдығына байланысты сырқаттарды емдеу үшін дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның антидепрессивті белсенділігі орын алды, актовегинмен құнарланған медициналық сүлігі дәстүрлі гирудотерапиясымен салыстырғанда антидепрессивті әсерінің тиімділігі бойынша 3-ші және 6-шы күні төзімді дәрежелі науқастарды емдеу кезіндегі дәстүрлі (стандартты) гирудотерапиясының қолдануна қарағанда оң әсерінен төзімді пациенттерде 1,98-2,0 есе, сезімтал дәрежеде 3,4-2,2, өте сезімтал дәрежелі пациенттерде 5,4-2,2 еседен көп болады (кесте - 11, сурет 21).

3.3. Ксенобиотиктерге сезімталдығына байланысты постковидтік синдромы бар пациенттерде инсомнияға стандартты және актовегинмен байытылған гирудотерапияның әсері

ISI шкаласы бойынша инсомнияның айқындылық дәрежесін зерттеу нәтижелері жүргізілген ГТ-дан кейін инсомдық бұзылулар саласында оң өзгерістер орын алатынын көрсетті, бұл туралы медициналық сүлікті қолданудың 2 және 5 – реттік және толық курсынан кейін «ұйқысыздықтың айқындылық индексінің (ISI)» 16%- ға, 37,5%- ға және 40,8% - ға төмендеуі, ал ДМС қолдану кезінде «ұйқысыздықтың айқындылық индексінің» (ISI) төмендеуі ерекше байқалады, ПКС науқастарында ұйқысыздықтың өте сезімталлық индексі (ISI) 2 және 5 рет қолданғаннан кейін 45,4% және 70% төмендейді (кесте - 12).

Кесте - 12. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС-лы пациенттердің инсомния профильдің салыстырмалы сипаттамасы.

Көрсеткіштер	БТ	топтар	ПКС+ Гирудотерапия			
			ГТ дейін	3- тәулік	6- тәулік	11- тәулік
ISI ұйқысыздық шкаласы бойынша	5,4±0,21	1	18.4±1,40*	15.4±1,40*	11,5±1,17 [#]	5,9±1,17 [#]
		1-а		11,9±1,17 [#]	5,4±0,29 [#]	5,2±0,02

Ескертулер: БТ-бақылау тобы, ЕТ-емдеу топтары; 1.-төзімді дәрежелі, 2- сезімталды дәрежелі, 3 - өте сезімталды дәрежелі, 4 - ПКС-топтың жалпы көрсеткіші, *-бақылау тобымен салыстырғанда, # - дәстүрлі гирудотерапиялық топпен салыстырғандағы маңыздылық деңгейінде $P<0,05$.

Дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның постковидті синдром кезінде инсомия белсенділігіне организмнің ксенобиотикке сезімталдық жағдайына байланысты өзгеруі

Ұйқы - бұл орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ) негізгі құбылысы, ол нейротрансмиттерлер, иммунологиялық белсенді пептидтер мен гормондардың күрделі өзара әрекеттесуімен реттеледі [1;2].

Ұйқы жасушалық процестерді, сондай-ақ гуморальды иммунитетті реттеуде маңызды рөл атқарады, ал ұйқының болмауы иммундық реакцияны төмендетуі мүмкін.

Инсомия - ұйқының бұзылуы және ұйқының сақталуы, ерте ояну немесе ұйқыға қанағаттанбау сезімі. PDS күндізгі уақытта, яғни әдеттегі ояту кезеңінде ұйықтап кету үрдісімен сипатталады.

SARS-CoV-2 вирусы негізінен алдын-ала кортекске әсер етеді, базальды ганлия, гипоталамус, яғни ұйқыны реттеуге қатысатын аймақтар [1]. Жаһандық covid-19 пандемиясының (SARS-CoV-2) аясында халықтың әртүрлі жас топтары арасында ұйқының бұзылуы байқалады, бұл психикалық денсаулық саласындағы мамандар үшін үлкен сынақ болып табылады [3]. Ұйқының бұзылуының таралуы кеңінен өзгереді: 2,3% - дан 76,6% - ға дейін [2-4].

ПЦР-расталған COVID-19 симптомы бар адамдарда инкубация кезінде ұйқының ұзақтығы төмендейді және симптоматикалық фазада жоғарылайды, бұл ковид-ұйқының бұзылуы деп аталады (COVID-19-ұйқыдағы ұйқының бұзылуы) [5]. COVID-19-дан кейін ұйқының ковид ассоциацияланған бұзылулары (созылмалы ұйқысыздық, тынышсыз аяқтар синдромы) байқалуы мүмкін. Берілген коронавирус бұзылулардың алаңдаушылық спектрін, қайталанатын симптомы күту мазасыздығын тудыруы мүмкін, бұл созылмалы ұйқысыздыққа әкеледі.

Адамның белгілі бір психологиялық ерекшеліктері бар COVID-19 пандемиясы (мысалы, жоғары нейротизм, апаттық ойлау стиліне бейімділік) ұйқының бұзылуына және циркадиялық ырғақтарға әкелуі мүмкін, бұл адамның дағдарысқа икемді бейімделуіне кедергі келтіреді және болашаққа деген сенімсіздікті арттырады.

COVID-сомния құбылысы ұйқының өзгеруінің барлық спектрін қамтиды: ұйқысыздық (интрасомникалық бұзылулар), тыныш аяқ синдромы, ұйқы апноэ, түнгі қорқыныш, түнгі террор, түнгі дүрбелең шабуылдары, аналық ұйқысыздық және REM фазасындағы мінез-құлықтың бұзылуы) [6-9].

Ғылыми негізделген фармакологиялық араласулар COVID-19 пандемиясы кезінде ұйқының бұзылуын емдеуде өте маңызды [9]. Осыған байланысты осы жұмыстың мақсаты өте сезімталдық дәрежесіне байланысты коронаровирустық симптом (ПКС) посты бар пациенттерде құнарланған гирудотерапияның инсомиялық бұзылуларға әсерін зерттеу болып табылады.

Ұйқысыздықтың өте сезімталдық индексі (ISI) шкаласы бойынша ұйқысыздықтың өте сезімталдығын зерттеу нәтижелері кестеде келтірілген.

Бұл ПКС бар науқастардың 2/3-де бөлігінде ұйқының бұзылуы болғанын көрсетеді, олардың дәрежесі «ұйқының төзімді бұзылуынан» - 24,5%, «сезімтал» және «ұйқының өте сезімтал бұзылуынан» сәйкесінше 16,8% және 15,6% дейін өзгерді.

Ұйқысыздықтың индексі мәні пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты өзгереді, бақылау топтағы пациенттерге қарағанда төзімді дәрежелі пациенттерде 96%-ға, сезімтал - 244,4%-ға, өте сезімтал дәрежеліде - үш еседен астам (375,9%), жалпы топта екі еседен астам (240,7%) жоғарылайды.



Сурет – 22 Ұйқысыздықтың индексі

Ұйқының күйін бағалау үшін Clinical Guideline for the Evaluation and Management of Chronic Insomnia In Adults, 2008 (ұйқы сапасының индексін (PSQI), ұйқысыздықтың өте сезімталдық индексін (ISI) анықтау үшін Питтсбург сауалнамасы [11-13] ұсынған шкалалар мен сауалнамалар пайдаланылды.


Ұйқыны бағалаудың алтын стандарты - полисомнография (ПСГ) — ұйқының бұзылуына күдік туындаған кезде тағайындалады және ұйқының сипаттамаларын дәл бағалауға мүмкіндік береді, бірақ тек 1-2 күн ішінде және жеке зертханада болуды талап етеді. Бірінші түннің әсері ұйқының кейбір көрсеткіштерін өзгерте алады-ұйқының ұзақтығы мен тиімділігін төмендетеді [10]. Ұйқының ұйқы уақыты, ояту уақыты және ұйқының ұзақтығы сияқты көрсеткіштер әр түрлі күндерде айтарлықтай өзгеруі мүмкін, оларды бағалау актиграфиямен толықтырылады. Ұйқыны бағалаудың алтын стандарты - полисомнография (ПСГ) — ұйқының бұзылуына күдік туындаған кезде тағайындалады және ұйқының сипаттамаларын дәл бағалауға мүмкіндік береді, бірақ тек 1-2 күн ішінде және жеке зертханада болуды талап етеді. Бірінші түннің әсері ұйқының кейбір көрсеткіштерін өзгерте алады-ұйқының ұзақтығы мен тиімділігін төмендетеді [10]. Ұйқының ұйқы уақыты, ояту уақыты және ұйқының ұзақтығы сияқты көрсеткіштер айтарлықтай өзгеруі мүмкін

Ұйықтауға қатысты салыстырмалы тыныштық күйі-бұл ұйқының тән белгісі, ол 1972 жылдан бастап D. Kupfer және басқалар болған кезде қолданылатын актиграфия әдісін қолдануға негізделген. [13] карпальды актиграфия мен ЭЭГ электроэнцефалограммасы бойынша ұйқы мен ояту

кезеңдерінің айтарлықтай арақатынасын көрсетті. Қазіргі заманғы карпальды актиграфтар білезік немесе қол сағаттарына ұқсайды (сурет 23).



Сурет -23 Актиграфтың сыртқы көрінісі.



Сурет-24. Инсомниясы бар науқаста 2 апта бойы Актиграмма.


"Ұйқысыздықтың айқындылық индексі" (ISI) шкаласы бойынша инсомнияның айқындылық дәрежесін зерттеу нәтижелері 12-ші кестеде келтірілген. Бұдан ПКС-мен ауыратын 2\3 пациенттің ұйқының бұзылуы болғанын көруге болады, оның дәрежесі «жұмсақ ұйқының бұзылуынан» - 24,5%, «орташа» және «айқын ұйқының бұзылуынан» - 16,8% және 15,6%-ға тең болды. «Төзімді» дәрежедегі ПКС-ды пациенттерде ұйқысыздықтың айқындылық индексі (ISI) 96%-ға, «сезімталды» дәрежедегі пациенттерде -

244,4% - ға, «өте сезімталды» - үш есе (375,9%), жалпы топта екі есе (240,7% - ға) артады (кесте 12 сурет 24)

Кесте 13. ПКС пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты дәстүрлі және құнарланған гирудотерапиядан кейінгі ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) салыстырмалы сипаттамалары.

Көрсеткіштер/ Бақылау тобы	ПКС		Гирудотерапия-зерттеу күндері		
		ЕД	3-ші тәулік	6-ші тәулік	11-ші тәулік
Ұйқысыздықтың (ISI) ауырлық деңгейі (шб) 5,4±0,21	1	10,6±0,53*	8,6±0,53*	6,62±0,33 [#]	5,6±0,33 [#]
	1-a		6,5±1,07*	5,4±0,33	5,4±0,33 [#]
	2	18,6±0,94*	12,6±0,94*	11,7±0,054 [#]	5,9±0,35 [#]
	2-a		7,3±0,054 [#]	5,5±0,35 [#]	5,4±0,02
	3	25,7±1,29*	22,7±1,29*	16,1±0,86 [#]	6,2±0,37 [#]
	3-a		10,9±0,86 [#]	5,5±0,37 [#]	5,3±0,02
	4	18,4±1,40*	15,4±1,40*	11,5±1,17 [#]	5,9±1,17 [#]
	4-a		10,9±1,17 [#]	5,4±0,29 [#]	5,2±0,02

Ескертулер: БТ - бақылау тобы, 1 - төзімді дәреже, 2 - сезімтал дәреже, 3 - өте сезімтал дәреже, 4 – топтың сезімтал көрсеткіші, *- бақылау тобымен салыстырғанда топтарда айтарлықтай айырмашылықтар, маңыздылық деңгейінде <0,05, # - маңыздылық деңгейінде < 0,05, ПКС емдеуге дейінгі топпен салыстырғанда топтардағы елеулі айырмашылықтар.




Ескертулер: БТ - бақылау тобы, ПКС таралатын коронаровирусты симптом 1- бақылау тобы; 2 - төзімді дәрежелі, 3 - сезімтал дәрежелі, 4 - өте сезімтал дәрежелі, 5- жалпы топтың көрсеткіші, *-бақылау тобымен салыстырғанда топтарда айтарлықтай айырмашылықтар, маңыздылық деңгейінде, P<0,05, # - маңыздылық деңгейінде <0,05, ПКС-ды емдеуге дейінгі топпен салыстырғанда топтардағы елеулі айырмашылықтар.

Сурет -25. ПКС-дағы ұйқысыздықтың ауырлық индексі (ISI) сырқаттардың сезімталдық дәрежесіне байланысты өзгеруі.

ПКС бар пациенттерде ұйқысыздықтың ауырлық индексінің - ISI шкаласы бойынша организмнің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты зерттеу нәтижелері келесі нәтижелерді көрсетті; стандартты

гирудотерапияның әсерінен кейін ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) бұзылыстары саласында оң өзгерістер орын алатынын дәлелдеді, бұл екі реттік гирудотерапиялық емдеуден кейін ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) төмендеуімен дәлелденеді.

Стандартты гирудотерапияның әсерінен төзімді дәрежелі ПКС бар пациенттерде 12,0 г дозасында гирудотерапиялық процедураны қолдану нәтижесінде ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) шкаласының деңгейі $10,6 \pm 0,53$ ұпайдан $8,6 \pm 0,53$ ұпайға дейін, гирудотерапиясын бес рет қолданғаннан кейін - $6,62 \pm 0,33$ ұпайға дейін және оныншы процедурадан кейін - $5,6 \pm 0,33$ ұпайға дейін азаяды және төмендеуі фонмен салыстырғанда сәйкес кезеңдерде 18,9%-ға 37,6%-ға және 47,2%-ға тең болады, ал құнарланған медициналық сүлікті (ДМС) екі және бес рет қолданғанда 38,7%-ға және 37,1%-ға төмендейді және бақылау топтарының мәніне жетеді. Құнарланған медициналық сүлікті (ДМС) екі және бес рет қолдану кезінде стандартты гирудотерапиямен салыстырғанда ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) төмендеуі сәйкес кезеңдерде 24,4%-ға және 18,4%-ға тең болады және бесінші процедура кейінгі нәтижесінде бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (Кесте 13, сурет 25).



Ескерту: 1 - емге дейін зерттеу уақыты, 3-ші күн - 2 реттік гирудотерапия, 6-шы күн - 5 реттік гирудотерапия, 11-ші күн - 10 реттік гирудотерапиядан кейін топтың көрсеткіші. Дгт - дәстүрлі гирудотерапия, Тгт - Құнарланған немесе құнарланған гирудотерапия.


Сурет 26. Құнарланған гирудотерапиядан кейінгі ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) ксенобиотикке төзімді ПКС-ды пациенттердегі жағдайы

ПКС пациенттерде организмнің ксенобиотикке сезімталды дәрежелі сырқаттарға МС 20,0 грамм дозасында ксенобиотикке гирудотерапияны 2

реттік қолдану нәтижесінде ISI мәнін $18,6 \pm 0,94$ ұпайдан $12,6 \pm 0,94$ ұпайға дейін, гирудотерапиясын бес рет қолданғаннан кейін – $11,7 \pm 0,054$ ұпайға дейін және он реттік процедурадан кейін – $5,9 \pm 0,35$ ұпайға дейін азаяды және фонмен салыстырғанда төмендеулері 18,9%-ға, 37,1 %-ға және 47,2% -ды құрайды.

Құнарланған медициналық сүлікті (ҚМС) қолдану кезінде стандартты гирудотерапиямен салыстырғанда ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) шкаласының деңгейлері ксенобиотикке сезімталды пациенттерде төмендеуі 24,4%-ға және 18,4%-ға тең болады.

ПКС-ның сезімтал дәрежелі науқастарға стандартты медициналық сүлікті 20,0 грамм дозасындағы гирудотерапияның процедурасын екі рет қолданғаннан кейін қолдану ISI мәнін - 37,1% - ға, бес рет қолданудан кейін - 70,5- ға, он реттік процедурадан кейін 68,3% - ға төмендеді, бірақ бақылау тобының көрсеткішімен салыстырғанда 9,2% -ға жоғары болады және 47,2%-ға төмендетті (Кесте 13 ,сурет 26).




Ескерту; 1- емге дейін, зерттеу уақыты, 3 - 3ші күн- 2 реттік гирудотерапия , 6 - 6-шы күн, 5 реттік гирудотерапия, 11-шы күн, 10 реттік гирудотерапиядан кейін топтың көрсеткіші. Дгт-дәстүрлі гирудотерапия, Тгт –Құнарланған немесе құнарланған гирудотерапия.

Сурет-27. Құнарланған гирудотерапиядан кейінгі ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) ксенобиотикке сезімталды ПКС-ды пациенттердегі өзгеру жағдайы

ПКС-ның ксенобиотикке өте сезімталды дәрежелі науқастарға стандартты медициналық сүлікті 26,0 г дозасындағы гирудотерапияның процедурасын екі рет қолданғаннан кейін қолдану ISI мәнін $25,7 \pm 1,29$ ұпайдан $22,7 \pm 1,29$ ұпайға және 68,3% -ға төмендеді, бес рет қолданудан кейін $16,1 \pm 0,86$ ұпайға және - 70,5% -ға, он реттік процедурадан кейін $6,2 \pm 0,35$ ұпайға және 68,3%-ға төмендеді, бірақ бақылау тобының көрсеткішімен салыстырғанда 9,2% -ға жоғары болады (11-кесте).


Құнарланған медициналық сүлікті (ДаМС) қолдану кезінде стандартты гирудотерапиямен салыстырғанда ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) төмендеуі 24,4%-ға және 18,4%-ға тең болады және бесінші процедура кейінгі нәтижесінде бақылау тұлғаларының мәніне жетеді (кесте 13, сурет 27).



Ескерту: 1- емге дейін, зерттеу уақыты, 3 - 3ші күн - 2 реттік гирудотерапия, 6 - 6-шы күн, 5 реттік гирудотерапия, 11-шы күн, 10 реттік гирудотерапиядан кейін топтың көрсеткіші. Дгт - дәстүрлі гирудотерапия, Тгт – Құнарланған немесе құнарланған гирудотерапия.

Сурет 28. Құнарланған гирудотерапиядан кейінгі ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) ксенобиотикке өте сезімталды ПКС-ды пациенттердегі жағдайы

ПКС-ның науқастарға стандартты медициналық сүлікті қолдану нәтижесінде жалпы топтың сезімтал көрсеткіш гирудотерапияның процедурасын екі рет қолданғаннан кейін қолдану ISI мәнін $18,4 \pm 1,40$ баллдан $15,4 \pm 1,40$ баллға және 68,3% - ға төмендеді, бес рет қолданудан кейін $11,5 \pm 1,17$ баллға және -70,5% -ға, он реттік процедурадан кейін $5,9 \pm 1,17$ баллға және 68,3%-ға төмендеді, бірақ бақылау тобының көрсеткішімен салыстырғанда 9,2% -ға жоғары болады (12-кесте). Құнарланған медициналық сүлікті (ТПМС) қолдану кезінде сәйкес кезеңдік стандартты гирудотерапиямен салыстырғанда ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) төмендеуі 24,4%-ға (3-ші тәулік) 18,4%-ға (6-ші тәулік) тең болады және бақылау топтарының мәніне жетеді (кесте 13, сурет 28).



Ескерту: 1 - емге дейін, зерттеу уақыты, 3 - 3ші күн - 2 реттік гирудотерапия, 6 - 6-шы күн, 5 реттік гирудотерапия, 11-шы күн, 10 реттік гирудотерапиядан кейін топтың көрсеткіші. Дгт - дәстүрлі гирудотерапия, Тгт – Құнарланған немесе құнарланған гирудотерапия.

Сурет 29. Құнарланған гирудотерапиядан кейінгі ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) жалпы тобындағы ПКС-ды пациенттердегі жағдайы

Сонымен, ПКС-ды пациенттердің ISI шкаласы бойынша ұйқысыздықтың ауырлық индексінің ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты зерттеу нәтижелері стандартты гирудотерапияның әсерінен кейін ұйқысыздық бұзылыстары саласында оң өзгерістер болатынын көрсетті, бұл екі реттік гирудотерапиялық емдеуден кейін ұйқысыздықтың индексінің (ISI) төмендеуімен дәлелденеді. Стандартты гирудотерапияның әсерінен төзімді ПКС бар гирудотерапияның нәтижесінде шкаланың деңгейі төмендеуі құрамдас бөліктердегі фонмен салыстырғанда 18,9%-ға 37,6%-ға және 47,2%-ға тең болады, ал құнарланған медициналық сүлікті (ҚМС) қолданғанда 38,7%-ға және 37,1%-ға төмендейді және бақылау топтарының мәніне жетеді. Құнарланған медициналық сүлікті (ҚМС) қолдану кезінде стандартты гирудотерапиямен салыстырғанда ұйқысыздықтың ауырлық индексінің (ISI) төмендеуі 24,4%-ға және 18,4%-ға тең болады (кесте 13, сурет 29).

Медициналық сүліктер қолдану кезінде оның сілекейдегі биологиялық белсенді заттардың әсерінен жасушаларда ісіндіру және жабысқақ (спайки) үрдісін болдырмайды, фиброздың және тромбтардың түзілуіне кедергі жасайды.

Сонымен қатар, сүліктің ағзаны тістеу нәтижесінде аздап қан жоғалту байқалады, бұл денеге де пайдалы. Атап айтқанда, ол жаңа қан жасушаларының пайда болуын ынталандырады, иммунитетті арттырады.

Гирудотерапия коронавирустан кейін қалпына келтіру кезеңінде өте пайдалы, сонымен қатар атеросклероз, жүректің ишемиялық ауруы, қанның ұю функциясы жоғарылаған науқастарға да ұсынылады. Курстан кейін

инфаркт, инсульт, тамыр тромбозы, өкпе фиброзы ауруларының симптомының және асқынуларының ықтималдығы төмендейді.

Тотығу күйзелісін дамуы липидтер, ақуыздар және әсіресе нуклеин қышқылдары сияқты жасушалық макромолекулалардың зақымдалуына әкеледі, бұл аурулардың кең спектрінің патогенезінде маңызды рөл атқарады [2]. Клиникаға дейінгі жағдайларда SARSCoV кезінде оттегінің белсенді түрлерінің гиперпродукциясы анықталды [3]. Тыныс алу вирустары оттегінің белсенді формаларын (NADPH оксидазасы, ксантинооксидаза және индуктивті по синтаза) тудыратын ферменттердің активтенуі және митохондриялық дисфункцияның дамуы арқылы бос радикалдардың көбеюіне әкелетіні белгілі [4,5].

Коронавирустық симптомдағы тамырлардағы тромбоздар көп жағдайда кездеседі және көбінесе өлімге әкеледі. Талдау көрсеткендей, тромботикалық асқынулар COVID-19 ағымын жиі қиындатып қана қоймайды, сонымен қатар мұндай пациенттердің өмір сүруіне қолайсыз әсер етеді [6,7,8]. COVID-19 бар пациенттерде тромботикалық асқынулардың алдын алу және емдеу тәсілдерін оңтайландыру қажет.

Күйзелістің (стрестің) мен гипоксияның маңызды рөлін ескере отырып, антиоксиданттар мен антигипоксиканттарды осы ауруларды кешенді емдеуде қолдану пайдалы болып, аурудың ағымын едәуір жақсарты алады.

ПКС (посткоронаровирустық симптом) кезінде CNS [1-7] когнитивті функциялары (KN) CNS [2, 3, 7, 8, 14-17] бұзылып, гирудотерапиясының оң әсері анықталып, актовегинмен бекітілген МС -тердің белсенділігі жоғары деңгейде орын алып,оның әсері ағзаның ксенобиотикке сезімталдығына байланысты болатынын алғашқылардың бірі болып дәлелдедік.

Медициналық сүлік сілекейінің кейбір биологиялық қосылыстарының фармакологиялық әсері 13-кестеде өрнектелген.Бұл кестеде медициналық сүлік липидтердің еркін радикалды тотығуы үрдісінің және уытсыздандыру туралы деректер көрінбейді.

Кесте 14. Медициналық сүлік сілекейінің кейбір биологиялық қосылыстарының фармакологиялық әсері.

Медициналық сүліктің сілекей факторлары	Фармакологиялық әсерлер
Бделлин	Қабынуға қарсы агент ретінде әрекет ететін протеаза ингибиторы
Апираза	Тромбоциттердің жабысуына және қан ұйығыштарының пайда болуына жол бермейтін антиагрегант.
• Эглин	Қабыну ингибиторы және антиоксидант
Дестабилаза	Тромбоциттердің бір-біріне жабысуына кедергі келтіріп қана қоймай, бар тромбтарды ерітетін Антиагрегант.
• Гиалуронидаза	Гиалурон қышқылы ыдыратады, өкпе фиброзы және жабысқақ үрдістерді ескертеді.
• Липаза и Эстераза	Қандағы холестеринді азайтады.
• Антиэластаза	Эластинді бұзады, жабысқақ үрдістерді және фиброздың алдын алады.

Осыған байланысты сертификацияланған және актовегинмен құнарланған сүліктердің антидепрессиялық серотонин реттеуші ретінде [14,160,161] аниоксидантты және дезинтоксикациялық әсерлерін анықтап, дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның ерекшеліктерін зерттеу біздің міндеттердің бірі болып саналады.

4 ПОСТКОВИДТІК СИНДРОМ КЕЗІНДЕГІ ҚАН ТРОМБОЦИТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖӘНЕ ЛИПИДТЕРІНІҢ АСҚЫН ТОТЫҒУ ҮРДІСІНЕ СТАНДАРТТЫ ЖӘНЕ АКТОВЕГИНМЕН ҚҰНАРЛАНҒАН ГИРУДОТЕРАПИЯНЫҢ ӘСЕРЛЕРІ

4.1 Стандартты және актовегинмен құнарланған гирудотерапия фонында постковидтік синдромның неврологиялық ағымы бар пациенттердің тромбоциттеріндегі өздік агрегациясына әсерлері

Құнарланған гирудотерапияның ксенобиотикке сезімталдығына байланысты ПКС-ды пациенттердің қан тромбоциттерінің агрегациясының жағдайына әсерлері 15- 16 кестелерде және 37 -38 суреттерде көрсетілген.

Дененің энергетикалық арналарын анықтауға арналған схема бойынша ПКС кезінде құнарланған гирудотерапияны ксенобиотикке сезімталдығына байланысты қолдану кезінде қандағы тромбоциттердің спонтанды агрегациясы қолданғаннан кейін (10 күн ішінде күніне 2,0 грамм болатын 6,0 бірлікті медициналық сүлікті қолданғанда) төмендейді.

Құнарланған гирудотерапияның белсенділіктерін сараптама жасау үшін ПКСпациенттерді дәстүрлі медициналық сүлікті қолданғандағы нәтижелермен салыстыруды дұрыс деп шешіп,дәстүрлі гирудотерапияның ксенобиотикке сезімталдығына байланысты мәліметтер 15-кестеде келтірілген.


ПКС-ды ксенобиотикке төзімді пациенттердің тромбоциттердің спонтанды агрегациясы зерттеудің үшінші, бесінші және алтыншы тәулігінде емге дейінгі көрсеткішіне қарағанда төмендеу деңгейі 14,2%,36,2% және 44,5 % -ды құрады және бақылау тобының мәніне теңеле түседі.ҚТӨА индексі мәндері 1,55 шб –ден 1,28шб-ге, 0,99 және 0,86 шб-ге төмендеді, яғни төмендеу деңгейлері 14,2%,36,2% және 44,5 % -ға тең болды (Кесте 15).

Ксенобиотикке сезімтал дәрежелі ПКС-ды пациенттердің тромбоциттердің спонтанды агрегациясы зерттеудің үшінші, төртінші және бесінші тәулігінде емге дейінгі көрсеткішіне қарағанда төмендеу деңгейі 29,9% -ға ,40,8% -ға және 50,3% -ға төмендеп және бақылау тобының мәніне теңеле түседі (кесте - 14,сурет - 30).

Кесте 15. Дәстүрлі гирудотерапияныңәсерінен ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты қантромбоциттерінің өздіктелген (спотанды) агрегациясының өзгеруі

Топтар	Ек	ҚТӨА индексі (уе)	ФКсалыстырғанда ТА төмендеуінің деңгейі, % бойынша
БТ		1,00±0,06	0,0
ПКС,төзімді дәрежелі	ГТД	1,55±0,06	0,0
	3	1,28±0,06	9,7±0,52
	5	0,99±0,06	24,5±1,31
	6	0,86±0,06	34,8±1,98
ПКС, сезімтал дәрежелі	ГТД	2,01±0,06	0,0
	3	1,41±0,10	29,9±0,95
	4	1,19±0,06	40,8±1,73
	5	1,00±0,06	50,3±2,82
ПКС, өте сезімтал дәрежелі	ГТД	3,01±0,06	0,0
	3	1,80±0,02	40,2±1,39
	4	1,25±0,06	58,5±3,27
	5	1,00±0,06	66,7±3,73
	6	0,75±0,05	75,1±4,90

Ескерту:ЕК-емдеу кезеңдері, ҚТӨА-қан тромбоциттерінің өздікті агрегациясы: ГТД– гирудотерапияға дейін;ФК-Фондық көрсеткіш, 3,6,8,9–2,5,7,8 реттік гирудотерапиядан кейінгі зерттеу уақытысы (тәулік),*– $p<0,05$,бақылау тобымен салыстырғандағыайырмашылықтардың анықтығы;#– $p<0,05$, ГТДтобымен салыстырғандағы айырмашылықтардың анықтығы.



Ескерту: Бт-бақылау тобы, Ед-емге дейін, ҚТӨА-қан тромбоциттердің өздік агрегациясы: 3,5,6 – 2,5,8 реттік гирудотерапиядан кейінгі зерттеу уақытысы (тәулік).

Сурет 30. Дәстүрлі гирудотерапияның ПКС пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты ҚТӨА индексінің өзгеруі

Ксенобиотикке өте сезімтал дәрежелі ПКС-ды пациенттердің дәстүрлі гирудотерапияның әсерінен тромбоциттердің спонтанды агрегациясы зерттеудің үшінші, төртінші және бесінші тәулігінде емге дейінгі көрсеткішіне қарағанда төмендеу деңгейі 40,2% - ға, 58,5% - ға және 66,7% - ға тең болды және бақылау тобының мәніне теңеле түседі (кесте 13).


Құнарланған гирудотерапияның ксенобиотикке төзімді дәрежедегі ПКС-ды пациенттердің қан тромбоциттерінің өздігінен агрегациялануы Құнарланған медициналық сүлікті екі, бес және алтырет қолданғаннан кейін дәстүрлі топтың нәтижесімен салыстырғанда 10,0% - ға, 10,3% - ға және 10,4% - ға төмендейді және бақылау тобының мәніне теңеле түседі (кесте-16, сурет 38). Құнарланған гирудотерапияның әсерінен ҚТӨА индексі мәндері емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 19,4% -ға, 34,2% -ға және 45,2% - ға төмендейді, Құнарланған медициналық сүліктің бесінші процедурадан соң дені сау адамдардың көрсеткішіне теңеле түседі (кесте 14, сурет 30).

Кесте 15. Құнарланған гирудотерапияның ксенобиотикке төзімді дәрежелі ПКС-ды пациенттердің қан тромбоциттеріндегі өздіктелген (спонтанды) агрегацияның жағдайы.

Топтар	ЕК	Қан тромбоциттерінің өздігінен агрегациялану, %	ҚТӨА индексі (шб)	Фонмен салыстырғанда инактивация, %
--------	----	---	-------------------	-------------------------------------

БТ		11,91±0,18	1,00±0,06	0,0
ПКС, төзімді дәрежелі	ГТД	18,52±0,32*	1,55±0,06	0,0
	2	15,2±0,83Δ#*	1,28±0,06	17,4±0,87*
	2a	13,68±0,63#*	1,15±0,06	25,8±1,29*#
	5	11,85±0,66#	0,99±0,06	36,2±2,11*
	5a	10,66±0,66#	0,89±0,06	42,6±2,98*
	6	10,2±0,20*	0,86±0,06	44,5±2,67*
	6a	9,18±0,46	0,77±0,06#	50,3±3,10*#

Ксенобиотикке төзімді дәрежедегі ПКС-ды пациенттерде дәстүрлі медициналық сүліктің бір данасын антиагрегациялық қасиеті орта есеппен 0,152 бірлікті құраса, құнарланған сүліктің белсенділігі 0,293 бірлікке тең болып, яғни белсенділігі актовегиннің әсерінен 0,141 бірлікке жоғарылайды, дәстүрлі сүліктің антиагрегациялық қасиетінен 7,2%-ға артады (сурет-31).



Ескерту: Бт-бақылау тобы, Ед-емге дейін, ҚТӨА-қан тромбоциттердің өздік агрегациясы: 3, 5, 6, -2, 4, 5, реттік гирудотерапиядан кейінгі зерттеу уақытысы (тәулік).

Сурет-31. Құнарланған гирудотерапияның ксенобиотикке төзімді дәрежелі ПКС-ды пациенттердің ҚТӨА өзгеруі (%).

Дәстүрлі гирудотерапияның процедурасынан екі, бес және жеті рет қолданғаннан кейін ксенобиотикке сезімтал дәрежедегі ПКС-ды сырқаттардың қан тромбоциттерінің өздігінен агрегациялану жағдайы емге дейінгі нәтижесімен салыстырғанда қарағанда 13,8% -ға, 28,0% -ға және 47,3% -ға төмендейді және бақылау тобының мәніне теңеле түседі (кесте-13, сурет). ҚТӨА индексі мәндері 2,01 шб -ден 1,68 шб-ге, 1,45 және 1,06 шб-ге төмендеді, яғни азаю деңгейлері 16,4% -ға, 27,9% -ға және 47,2% -ға тең болды (Кесте 14, сурет 31).


Құнарланған гирудотерапияның ксенобиотикке сезімтал дәрежедегі ПКС-ды сырқаттардың қан тромбоциттерінің өздігінен агрегациялану жағдайы құнарланған медициналық сүлікті екі, бес және жеті рет қолданғаннан кейін дәстүрлі топтың нәтижесімен салыстырып қарағанда 10,0% -ға, 10,3% -ға және 10,4%-ға төмендейді және бақылау тобының мәніне бес реттіктеңеле түседі (кесте-15,сурет - 32).

Кесте 15. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиясы аясында ПКС сезімталды дәрежелі қан тромбоциттеріндегі өздіктелген (спонтанды) агрегацияның ($\bar{x} \pm m$) жағдайы.

Топтар	ЕК	Қан тромбоциттерінің өздігінен агрегациялану, %	ҚТӨА индексі (шб)	Фонмен салыстырғанда инактивация, %
БТ		11,91±0,18	1,00±0,06	0,0
ПКС, сезімталдық дәрежесі	ГТД	24,01±0,50***	2,01±0,06	0,0
	2	16,82±1,02 [#]	1,41±0,08	30,0±0,64
	2а	14,29±0,92	1,20±0,07	40,3±1,03
	5	13,2±0,66	1,11±0,06	44,8±2,1
	5а	11,22±0,66	0,94±0,07	53,3±2,3
	7	,91±0,49**	1,00±0,06	50,3±2,4
	7а	10,1±0,66	0,85±0,04	57,7±2,1

Ескерту:ЕК-емдеу кезеңдері, СПАИК-спонтанды агрегацияның интегралдық коэффициенті: ГТД-гирудотерапияға дейін;ФК – Фондықөрсеткіші, 3,6,8,9–2,5,7,8 реттік гирудотерапиядан кейінгі зерттеу уақытысы (тәулік),*- $p < 0,05$,бақылау тобымен салыстырғандағы айырмашылықтардың анықтығы;#- $p < 0,05$, ГТД тобымен салыстырғандағы айырмашылықтардың анықтығы;

Құнарланған гирудотерапияның ксенобиотикке сезімталды дәрежедегі ПКС-ды сырқаттардың ҚТӨА индексі мәндері емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 20,9%-ға,35,4%-ға және 52,7%-ға төмендейді, құнарланған немесе құнарланған медициналық сүліктің әсеріне зертеудің сегізінші тәулігінде дені сау адамдардың көрсеткішіне теңеле түседі (кесте 15,сурет 32).



Ескерту:Бт-бақылау тобы, Ед-емге дейін,ДГТ-Дәстүрлі гирудотерапия, Дагт немесе Қгт-Құнарланған гирудотерапия.ҚТӨА-қан тромбоциттердің өздік агрегациясы: 3,4,5,—2,4,5, реттік гирудотерапиядан кейінгі зерттеу уақытысы (тәулік).

Сурет-32. Құнарланған гирудотерапияның әсерінен ксенобиотикке сезімталды дәрежелі ПКС-ды пациенттердің ҚТӨА өзгеруі (%).

Дәстүрлі медициналық сүліктің бір данасың антиагрегациялық қасиеті орта есеппен 0,200 бірлікті құраса, құнарланған сүліктің белсенділігі 0,519 бірлікке тең болып,яғни белсенділігі актовегиннің әсерінен 0,350 бірлікке жоғарылайды, дәстүрлі сүліктің антиагрегациялық қасиетінен 25%-ға артады.


ПКС-ды пациенттердің ксенбиотикке өте сезімтал дәрежедегі қан тромбоциттерінің өздігінен агрегациялану жағдайы дәстүрлі гирудотерапияның процедурасынан екі,үш және он рет қолданғаннан кейін емге дейінгі нәтижесімен салыстырғанда қарағанда 21,8% - ға, 29,4% - ға және 63,9%- ға төмендейді және бақылау тобының мәніне теңеле түседі (кесте-,сурет). ҚТӨА индексі мәндері 3,01шб –ден 2,40 шб-ге, 2,15 және 1,17 шб-ге төмендеді, яғни азаю деңгейлері 20,3% - ға , 28,6% - ға және 61,2% - ға тең болды (кесте - 16, сурет - 39).

Ксенобиотикке өте сезімталды дәрежедегі ПКС-лы сырқаттардың қан тромбоциттерінің өздігінен агрегациялану жағдайы құнарланған гирудотерапияның екі, үш және төрт рет қолданғаннан кейін дәстүрлі топтың нәтижесімен салыстырғанда 20,3%-ға, 20,0%-ға, және 20,0 %- ға төмендейді және бақылау тобының мәніне теңеле түседі. ҚТӨА индексі мәндері емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 52,1% - ға, 66,8% - ға және 73,5% - ға төмендейді, құнарланған медициналық сүліктің әсеріне үш реттік процедурадан кейін немесе зертеудің төртінші тәулігінде дені сау адамдардың көрсеткішіне теңеле түседі.,яғни қалыпты жағдайға келуі дәстүрлі топқа қарағанда бір күн ерте орын алады,соның арқасында керекті сүліктердің санын үнемдеуге болады (кесте-16,сурет 33).

Кесте 16. Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиясы аясында ПКСөте сезімтал дәрежеліқан тромбоциттеріндегі өздіктелген (спонтанды) агрегацияның ($x \pm m$) жағдайы.

Топтар	ЕК	Қан тромбоциттерінің өздігінен агрегациялану, %	ҚТӨА индексі (шб)	Фонмен салыстырғанда инактивация, %
БТ		$11,91 \pm 0,18$	$1,00 \pm 0,06$	0,0
ПКС,өте сезімталды дәрежелі	ГТД	$35,91 \pm 1,72^{***}$	$3,01 \pm 0,06$	0,0
	3	$21,5 \pm 1,43$	$1,80 \pm 0,02$	$40,2 \pm 1,01$
	3a	$17,2 \pm 1,32^{\#}$	$1,44 \pm 0,10^{\#}$	$52,2 \pm 1,38^{\#}$
	4	$14,9 \pm 1,35$	$1,25 \pm 0,02$	$58,5 \pm 1,01$
	4a	$11,92 \pm 1,32^{\#}$	$1,00 \pm 0,02$	$66,8 \pm 1,01$
	5	$11,91 \pm 1,3^{**}$	$1,00 \pm 0,02$	$66,8 \pm 1,01$
	5a	$9,53 \pm 1,32^{\#}$	$0,80 \pm 0,02$	$73,4 \pm 1,01$

Ескерту: БТ-Бақылау тобы, ПКС-Постковидті синдром; 3, 6, 5-зерттеу уақыттары (тәулік), N-дәстүрлі, Na-Құнарланған гирудотерапияның мәндері; * - $P < 0,05$, бақылау тобымен айырмашылықтардың сенімділігі, $^{\#}$ - $P < 0,05$, дәстүрлі тобымен айырмашылықтардың сенімділігі.




Ескерту: БТ-Бақылау тобы, Ед-Емге дейінгі; ПКС-Постковидті синдром; Зерттеудің 3, 4, 5 тәуліктеріндегі дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның мәндері.

Сурет - 33. Құнарланған гирудотерапияның ксеноботикке өте сезімтал дәрежелі ПКС-ды науқастарда қан тромбоциттеріндегі өздіктелген (спонтанды) агрегацияның өзгеруі

ПКС кезінде тромбоциттердің агрегациялық қабілетінің активтенуі және тромбоциттердің спонтанды агрегациясының интегралдық коэффициентінің жоғарылауы байқалады, төзімді дәрежеде 55,5% - ға, сезімтал дәрежеде бір реттен артық (101,0%) және өте сезімтал дәрежеде екі еседен артық (201%) артады. Ксенобиотикке сезімталдығына байланысты ПКС-ды дәстүрлі гирудотерапиясын бір реттік қолдануында төзімді дәрежедегі

пациенттерде 13,5% -ға, сезімтал және өте сезімтал топтарында 22,4% - ға және 29,16%-ға төмендейді және зерттеудің төртінші үшінші тәулігінде төзімді тобында, сезімталды және өте сезімталды тұлғаларда 8 және 9-ші тәулігінде қалыпты жағдайға келеді (сурет 33).



Ескерту: БТ-Бақылау тобы, Ед-Емге дейінгі; Тт-төзімді топ, Ст-сезімталды топ, Өст-өте сезімталды топ, ПКС-Постковидті синдром; Зерттеудің 3,...9 тәуліктеріндегі дәстүрлі және Құнарланған гирудотерапияның мәндері.

Сурет-34. ПКС кезінде тромбоциттердің агрегациялық қасиеттерінің дәстүрлі гирудотерапияның әсерінен өзгеруі

Дәстүрлі медициналық сүліктің бір данасын антиагрегациялық қасиеті орта есеппен 0,300 бірлікті құраса, Құнарланған сүліктің белсенділігі 0,519 бірлікке тең болып, яғни белсенділігі актовегиннің әсерінен 0,219 бірлікке жоғарылайды, Құнарланған гирудотерапияның әсерінен дәстүрлі сүліктің антиагрегациялық қасиетінен 27%-ға артады (сурет-34).

Құнарланған гирудотерапияның әсерінен сәйкес дәстүрлі топтарға қарағанда орташа есеппен төзімді топта 10,0%-ға, сезімталды пациенттерде 15%-ға, өте сезімталды науқастарда 20%-ға төмендейді және дәстүрлі топтарда қарағанда қалыпты жағдайға бір тәулік ерте келеді, яғни тамырлы-тромбоциттік гемостазды позитивті әсер беріп, тромбоциттердің спонтанды агрегациясының интегралдық коэффициентін қалыпты жағдайға алып келеді.

4.2 Стандартты және актовегинмен құнарланған гирудотерапияны қолдану кезінде постковидтік синдромның әртүрлі неврологиялық нұсқалары бар пациенттердің қан тромбоциттеріндегі липидтерінің асқын тотығу үрдісіне әсерлері

COVID-19-бұл қауіпті, әлеуметтік маңызы бар ауру, оны емдеу және алдын-алу қазіргі уақытта дамып келеді. Вирустық симптомдардың патогенезіндегі тотығу стрессі мен гипоксияның маңызды рөлін ескере отырып, антиоксиданттар мен антигипоксантиларды осы ауруларды кешенді емдеуде қолдану пайдалы болып, аурудың ағымын едәуір жақсарта алады.

Тотығу күйзелісін дамуы липидтер, ақуыздар және әсіресе нуклеин қышқылдары сияқты жасушалық макромолекулалардың зақымдалуына әкеледі, бұл аурулардың кең спектрінің патогенезінде маңызды рөл атқарады [2]. Клиникаға дейінгі жағдайларда SARSCoV кезінде оттегінің белсенді түрлерінің гиперпродукциясы анықталды [3]. Тыныс алу вирустары оттегінің белсенді формаларын (NADPH оксидазасы, ксантинооксидаза және индуктивті по синтаза) тудыратын ферменттердің активтенуі және митохондриялық дисфункцияның дамуы арқылы бос радикалдардың көбеюіне әкелетіні белгілі [4,5].


Коронавирустық симптомдағы тамырлардағы тромбоздар көп жағдайда кездеседі және көбінесе өлімге әкеледі. Талдау көрсеткендей, тромботикалық асқынулар COVID-19 ағымын жиі қиындатып қана қоймайды, сонымен қатар мұндай пациенттердің өмір сүруіне қолайсыз әсер етеді [6,7,8]. COVID-19 бар пациенттерде тромботикалық асқынулардың алдын алу және емдеу тәсілдерін оңтайландыру қажет.

ПКС (посткоронавирустық симптом) кезінде CNS[1-7] когнитивті функциялары (KN) CNS [2,3,7,8,14] бұзылған, гирудотерапиясының оң әсері анықталды [13,14,15,17].

ПКС-ды пациенттердің тромбоциттердегі липидтерді пероксидациялау өнімдерінің концентрациясы ксенобиотикке сезімталдығына байланысты, оның ішінде төзімді, сезімтал және өтесезімтал дәрежедегі қан пластиналарындағы диенді конюгаттарының құрамы 22,6%, 63,5% және бір рет (100,6%) артады (кесте 17, сурет 35).

Кесте 17. ПКС-ды пациенттердегі тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты құрамының өзгеру жағдайлары

Топтар	Тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің құрамы			
	1	2	3	4
	E ₂₃₂ (ОТБ/ мг)	E ₂₇₈ (ОТБ/ мг)	E ₄₀₀ (ОТБ/ мг)	МДА, нмоль/мг
Бг	2,03±0,07	0,34±0,013	0,27±0,011	9,16±0,11
ПКС, төзімді дәрежелі	2,64±0,07*	0,57±0,017*	0,48±0,008*	11,53±0,57*
ПКС, сезімтал дәрежелі	3,32±0,12*	0,55±0,02*	0,44±0,011*	15,30±0,49*
ПКС, өте сезімтал дәрежелі	4,07±0,11*	0,73±0,03*	0,56±0,0125*	18,53±0,67*



Сурет-35. ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты тромбоциттердегі диен конъюгаттарының құрамының жағдайы.

Ескерту: Бт- бақылау тобы; Тд-төзімді дәрежелі; Сд-сезімтал дәрежелі; Өстд- өте сезімтал дәрежелі; ДК-диенді конъюгат.


ПКС-ды пациенттердің тромбоциттердегі диен кетондарының құрамы вирустық уланудың өте сезімталдығына байланысты, оның ішінде: төзімді, сезімтал және өте сезімтал дәрежедегі 23,8% - ға, 61,7% - ға және одан да көп бір рет (108,8%) артады(сурет-36).



Сурет-36. ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты тромбоциттердегі диенді кетондар құрамының жағдайы.

Ескерту: Бт- бақылау тобы; Тт - төзімді топ; Ст-сезімталды топ; Өст-өте сезімталды топ; ДКет.- диенді кетондар.


ПКС бар тромбоциттердегі липидтердің гидроперекись деңгейі (Е 400) вирустан кейінгі аурулардың ксенобиотикке өте сезімталдығына байланысты артады, оның ішінде: төзімді, сезімтал және өте сезімтал дәрежедегі 22,6%, 62,9% және 107,4% (Сурет-36).



Сурет – 37. ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты тромбоциттердегі ЛГАТ құрамының жағдайы.

Ескерту: Бт- бақылау тобы; Тт - төзімді топ; Ст-сезімталды топ; Өст-өте сезімталды топ; ЛГАТ - липидтердің гидроасқын тотығы.

Липидтерді асқын тотықтырудың соңғы өнімдерінің концентрациялары-тромбоциттердегі малонды диальдегидтері ПКС-ды кезінде $9,16 \pm 0,11$ нмоль/мг ақуыздан төзімді дәрежеде $11,28 \pm 0,215$ нмоль/мг ақуызға дейін, сезімтал дәрежеде $15,30 \pm 0,49$ нмоль/мг ақуызға дейін, өте сезімтал дәрежелі адамдарда $18,53 \pm 0,67$ нмоль/мг ақуызға дейін артады, яғни 23,1%- ға, 59,2%- ға және бір еседен артық (102,2%) өседі (Сурет-37).



Сурет-38. ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты тромбоциттердегі МДА құрамының жағдайы.

Ескерту: Бт-бақылау тобы; ТТ-төзімді топ; Ст-сезімталды топ; Өст- өте сезімтал топ; МДА - малонды диальдегидтер.

Сонымен зерттеу нәтижесінде алынған деректер ПКС-ты пациенттердің ксенобиотикке сезімталдық жағдайына байланысты майлардың асқын тотығының өнімдерінің барлық тізбегіндегі ЛАТ-тты заттардың шамадан тыс қоюлануы орын алатынын дәлелдейді, яғни

тромбоциттер«гипероксидациялық» синдромның орын алатынын, КВИ және ПКС бұл үрдістің қан тамырларының қабырғаларында микротромбоздардың пайда болуында елеулі, маңызды патогенетикалық орын алатынын ескерген жөн.


Біздің әдістеме бойынша ПКС-дыпациенттердің ксенобиотикке сезімталдық жағдайына байланысты дәстүрлі (стандартты) гирудотерапияны қолдану нәтижелері 19,20 және 21 кестелерде ұсынылған.

Кестеден көріп отырғанымыздай, емдеу мақсатында медициналық сүліктерді 12,0 грамм дозасында қолдануда төзімді дәрежелі ПКС-ды пациенттерде екі реттік және төрт рет процедурадан кейін диен конъюгаттарының концентрациясын 11,4%-ға және 22,8%-ға, диен кетондарының концентрациясын 14,1%-ға және 36,9%-ға, липидтердің гидроперекисін 15,2%-ға және 22,1%-ға және МДА деңгейін фондық көрсеткішпен салыстырғанда 11,7%-ға және 13,6%-ға төмендейді және қоюлануы бақылау тобының көрсеткішіне теңеле түсті (кесте19, сурет 46).

Кесте 18. Дәстүрлі гирудотерапиясы ($M \pm m$) аясында ПКС-ныңтөзімді дәрежелі түрімен өте сезімталатын пациенттердегі тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің құрамының жағдайы.

Топтар	ЕК	Тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің құрамы			
		Е ₂₃₂ (ОТБ/ мг)	Е ₂₇₈ (ОТБ/ мг)	Е ₄₀₀ (ОТБ/ мг)	МДА, нмоль/мг
БТ		2,03±0,07	0,34±0,013	0,27±0,011	9,16±0,11
ПКС Төзімді дәрежелі	ГТД	2,64±0,07*	0,57±0,017	0,48±0,008	11,53±0,57
	2	2,34±0,06	0,50±0,016	0,41±0,007	10,2±0,16
	4	2,04±0,06	0,35±0,016	0,27±0,007	9,26±0,16

Ескерту: ЕК-емдеу кезеңдері; Гтд - гирудотерапиясына дейін, 2,5,7 екі, бес және жеті реттік дәстүрлі гирудотерапиядан кейін; * – $p < 0,05$ кезіндегі айырмашылықтардың сенімділігі;



Ескерту: БТ- бақылау тобы; ЕД – емге дейін, 2,4 реттік дәстүрлі гирудотерапиядан кейін;

Сурет - 39. Дәстүрлі гирудотерапиясы аясында ПКС-нын төзімді дәрежелі түрімен ауыратын науқастардағы тромбоциттердегі ДК жағдайы


Ксенобиотикке сезімтал дәрежелі ПКС-ды пациенттерді емдеу мақсатында медициналық сүліктер тәулігіне бір рет 20,0г (10,0 дана) қолдану кезінде сенімді төмендеу байқалады, бұл ретте гирудотерапияны екі және төрт рет қолданғаннан кейін диен конъюгаттарының концентрациясы 16,0%-ға және 46,2%-ға, диен кетондары 20,5% және 22,1% және МДА 26,1%-ға және 31,2%-ға, гидроперексидтері 25,9% және 32,4%-ға фондық көрсеткішпен салыстырғанда төмендейді, бірақ ЛАТ өнімдері бақылау тобының көрсеткішіне 4,4%-ға жоғары деңгейде орын алады, осыған байланысты бесінші процедурада үш сүлікті (6,0г дозасын) қолдануға мәжбүр болдық, осы жағдайды іске асыру нәтижесінде ДК, ДеК және МДА қоялануы бақылау тобының көрсеткішіне теңеле түсті (Кесте -18, сурет 39).

Кесте - 19. Дәстүрлі гирудотерапиясы ($M \pm m$) аясында ПКС-мен сезімталды дәрежелі пациенттердегі тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің құрамының жағдайы.

Топтар	ЕК	Тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің құрамы			
		Е ₂₃₂ (ОТБ/ мг)	Е ₂₇₈ (ОТБ/ мг)	Е ₄₀₀ (ОТБ/ мг)	МДА, нмоль/мг
БТ, N=20		2,03±0,07	0,34±0,013	0,27±0,011	9,16±0,45
ПКС, Сезімталды дәрежелі, N=20	ГТД	3,32±0,12*	0,55±0,02**	0,44±0,011**	15,30±0,48**
	2	2,79±0,12*	0,49±0,02**	0,38±0,010**	13,31±0,66*
	4	2,12±0,12	0,36±0,02	0,28±0,12	9,54±0,47
	5 (Здана)	2,03±0,12	0,34±0,12	0,35±0,12	9,18±0,37

Ескерту: N-Саны, ЕК-емдеу кезеңдері; ГТД - гирудотерапиясына дейін, 2,4,5 - реттік процедурадан кейін;

ПКС-мен сезімталды дәрежеліпациенттердегі дәстүрлі гирудотерапияны келесі сызбада қолдану қажет;1-4 процедураларда он сүліктен, ал 5-ші ретік қолдануда 6,0г дозасын (3 дана сүлікті)қолдану тиімді болып отыр.



Ескерту: Ед-емдеуге дейін; 2,4,5 - реттік гирудотерапиялық процедурадан кейін;

Сурет - 40. Дәстүрлі гирудотерапияның әсерінен ПҚС-ды ксенобиотикке сезімталды пациенттердің тромбоциттердегі ДК өзгеруі.

ПКС-нынөте сезімтал дәрежелі түріндегіпациенттердіемдеу мақсатында медициналық сүліктерді 26,0 граммдозасында қолдану кезінде сырқаттардыңтромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің құрамыныңдәстүрлі гирудотерапия әсерінен сенімді өзгеруі орын алады (кесте -19, сурет 40)

Кесте - 20. Дәстүрлі гирудотерапиясы ($M \pm m$)аясында ПКС-мен өте сезімталды дәрежеліпациенттердегі тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің құрамының жағдайы.


Топтар	ЕК	Тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің құрамы			
		Е ₂₃₂ (ОТБ/ мг)	Е ₂₇₈ (ОТБ/ мг)	Е ₄₀₀ (ОТБ/ мг)	МДА, нмоль/мг
БТ		2,03±0,07	0,34±0,013	0,27±0,011	9,16±0,11
ПКС, өте сезімтал дәрежелі	ГТД	4,07±0,11*	0,73±0,03**	0,56±0,0125**	18,53±0,67**
	2	3,17±0,12	0,54±0,03**	0,42±0,0125**	14,29±0,81**
	5	2,25±0,12	0,47±0,03**	0,39±0,0125**	12,29±0,81**
	7 (7-дана)	2,04±0,11**	0,34±0,01 **	0,28±0,01**	9,51±0,64**

Ескерту: ЕК-емдеу кезеңдері; Гтд - гирудотерапиясына дейін,2,5,7 екі, бес және жеті реттік дәстүрлі гирудотерапиядан кейін; * – $p < 0,05$ кезіндегі айырмашылықтардың сенімділігі;

Дәстүрлі гирудотерапияның әсеріненксенобиотикке өте сезімталды пациенттердің қанының тромбоциттерінде екі және бес рет қолданғаннан кейін диен конъюгаттарының концентрациясы 22,1%-ға және 44,1%-ға, диен

кетондары 20,5% және 38,9% және МДА 21,1%-ға және 39,3%-ға, гидроперексидтері 20,9% және 38,4%-ға фондық көрсеткішпен салыстырғанда төмендейді, бірақ бесінші процедурадан кейін ЛАТ өнімдерінің қоюлануы өте сезімталды топта бақылау тобының көрсеткішінен 10,8%-ға жоғары деңгейде орын алады, осыған байланысты жетінші процедураларда жеті сүлікті (14,0г дозасын) қолдануға мәжбүр болдық, осы жағдайды іске асыру нәтижесінде ДК, ДеК және МДА қоюлануы бақылау тобының көрсеткішіне теңбе-тең түсті (Кесте 20, сурет 41).

ПКС-мен өте сезімталды дәрежелі пациенттердегі дәстүрлі гирудотерапияны келесі сызбада қолдану қажет; 1-5 процедураларда он үш сүліктен, ал 7-ші ретік қолдануда 14,0г дозасын (7 сүлікті) қолдану тиімді болып отыр.



Ескерту: Ед-емдеуге дейін; 2,4,5 - реттік гирудотерапиялық процедурадан кейін;

Сурет- 41. Дәстүрлі гирудотерапиясы аясында ПКС-мен өте сезімталды дәрежелі пациенттердегі тромбоциттердегі ДК қоюлануының жағдайы.

Зерттеу нәтижесінде алынған деректер, ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты қан тромбоциттеріндегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің қоюлануы активациялық жағдайға душар болады, яғни гиперпероксидациялық синдромының орын алатын және антиоксидантты жүйесінің қызметтерінің әлсіз жағдайға тап болуына байланысты екенін мәлімдейді. Дәстүрлі гирудотерапияның бір реттік емдік процедураның қасиетінің нәтижесінде ксенобиотикке төзімді пациенттерде 5,68% -ға, сезімталды- 8,6% -ға, өте сезімталды - 11,1% -ға төмендейді.

ПКС-мен өте сезімталдық дәрежесіне байланысты пациенттердің тромбоциттердегі майлардың асқын тотығының өнімдерінің қоюлануы

жағдайы активациялық жағдайға душар болады, яғни гиперпероксидациялық синдромының орын алған мәліметтердің негізгі себебін анықтау және талдау үшін тромбоциттер антиоксидантты жүйесінің қызметтерінің әлсіз жағдайға тап болуына байланысты екенін дәлелдедік, медициналық сүліктің орталық жүйке жүйесіндегі ауытқуларға позитивті әсерінің патогенетикалық тұрғыдан негіздеуді оңды деп тұжырымдау үшін тромбоциттердегі антиоксидантты жүйесінің жағдайын зерттеу өте қажетті өзекті мәселе болып табылады.

ПКСпациенттердің ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты пациенттердегі тромбоциттердегі антиоксидантты жүйенің үрдісіне гирудотерапияның әсер етуінің жағдайын зерттеу және талдау үшін келесі көрсеткіштер зерттелді; СОД, каталаза және антитотықтырғыш қорғаныс жүйесінің белсенділігініңжағдайлары биохимиялық әдістермен анықталды.


ПКС науқастарында тромбоциттердегі антиоксидантты жүйенің қорғаныс жүйесінің белсенділігі; СОД, каталаза және антитотықтырғыш белсенділігін жағдайлары сырқаттардың өте сезімталдығына байланысты тәуелдіболды (кесте - 20,сурет-41).

ПКС-ті сырқаттардың жалпы тобындағы тромбоциттердегі СОД белсенділігі бақылау тобының көрсеткішіне қарағанда 24,0%-ға азаяды,бірақ өтесезімтал дәрежелі науқастарында қанның тромбоциттердегі СОД белсенділігінен 22,2%-ға тең мөлшерде артады. ПКС-ті пациенттердің ксенобиотикке төзімді, сезімтал және өте сезімтал дәрежелі науқастарында қанның тромбоциттердегі СОД белсенділігі бақылау тобының көрсеткішіне қарағанда 15,3% -ға , 31,2 % -ға және 48,2% -ға төмендейді (сурет 41).

Кесте 21. Постковидті синдром кезінде тромбоциттердегі антиоксиданттық қорғаныс жүйесінің белсенділігінің симптомының ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы.

Топтар	БТ	Посткоронаровирустық синдромды сырқаттар			
Көрсеткіштер		Жалпы топ	Төзімді дәрежелі	Сезімтал дәрежелі	Өте сезімтал дәрежелі
СОД,ӘБ/мг ақуызға	50,40±2,4	38,3±2,1	41,68±2,7 [#]	40,67±1,74 [#]	31,5±1,35 [#]
КТ (мкат/л)	8,33±0,07	5,41±0,29	6,86±0,06 [#]	5,91±0,11 [#]	4,46±0,12 [#]
АТБ (мкмоль/л)	28,6±1,38	19,8±0,99	23.5±1,18 [#]	20,34±1,31 [#]	15,73±1,11 [#]

Ескерту:*p<0,05, **p<0,01, бақылау тобымен салыстырғандағы дәлдік көрсеткіш; БТ-бақылау тобы: СОД-супероксиддисмутаза, КТ-каталаза, АТБ - антитотықтырғыш белсенділігі.




Ескерту: Бт- бақылау тобы, Жт- жалпы топ, Тд-төзімді дәрежелі, Сд- сезімтал дәрежелі, Өсд- өте сезімтал дәрежелі.

Сурет - 42. ПКС-ды кезінде тромбоциттердегі СОД белсенділігінің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы

ПКС-ті сырқаттардың тромбоциттердегі ксенобиотикке төзімді, сезімтал және өте сезімтал дәрежелі науқастарында қанның пластинкаларындағы каталазаның (КТ) ферментінің белсенділігінің жағдайы 18,4% - ға, 28,4 % - ға және 46,5% - ға азайды, асқын тотығының улы өнімдерін, сонын ішінде гидроксильді радикалдарды залалсыздандыратын биологиялық белсенді заттардың бірі – антиототықтырғыш жүйесінің интегральды белсенділігінің жағдайы бақылау тобының көрсеткішіне қарағанда 17,9% - ға, 28,9 % - ға және 45% - ға төмендейді (кесте 21, сурет 42).


ПКС-ды сырқаттардың қанның тромбоциттердегі жалпы тотығуға қарсы белсенділігі сау адамдардың көрсеткішімен салыстырғанда тиісінше 16,7 %, 28,2% және 40,0% азайды. Посткоронаровирустық синдром кезінде қанның тромбоциттердегі антиоксиданттық индексі төзімді дәрежеде 16,7% - ға, сезімтал дәрежеде 19,6% - ға және өте сезімтал дәрежеде 29,9% - ға азаяды (сурет – 43, 44).



Ескерту: Бт- бақылау тобы,Тд-төзімді дәрежелі,Сд- сезімтал дәрежелі,Өсд - өте сезімтал дәрежелі.

Сурет 43. ПКС кезінде тромбоциттердегі антиоксиданттық қорғаныс жүйесінің белсенділігінің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы

Зерттеу нәтижесінде алынған деректер, ПКС-ды ксенобиотикке өте сезімталды сырқаттардың қанның тромбоциттердегі антиоксидантты жүйесінің депрессиялық жағдайға душар болады,липидтердің пероксидациялау өнімдерініңқуатануы антиоксидантты жүйесінің төмендеуіне тікелей байланысты болатынын көрсетеді, яғни гиперпероксидациялық синдромының орын алатынантиоксидантты жүйесінің қызметтерінің әлсіз немесе төменгі жағдайға тап болуына байланысты екенін мәлімдейді.




Ескерту: Бт- бақылау тобы,Жт- жалпы топ,Тд-төзімді дәрежелі,Сд- сезімтал дәрежелі,Өсд- өте сезімталдәрежелі.

Сурет - 44. Постковидті синдром кезінде тромбоциттердегі каталаза белсенділігінің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы.


Дәстүрлі гирудотерапияның ПКС-мен өте сезімтал дәрежелі науқастарды емдеу үрдістерін негіздеу үшін, сонын ішінде ағзадағы қан тамырларында микротромбоздардың орын алуын болдырмау үшін тромбоциттердегі антиоксидантты жүйесінің жағдайын зерттеп және талдау өзекті мәселе болып табылады.

Дәстүрлі гирудотерапияның ПКС-мен өте сезімтал төзімді дәрежеліпациенттердегі тромбоциттердегі антиоксидантты жүйесінің жағдайына әсері келесі 20 -кестеде көрсетілген.




Сурет -45. Постковидті синдромның кезінде тромбоциттердегі каталаза белсенділігінің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы. Ескерту: Бт- бақылау тобы,Жт- жалпы топ,Тд-төзімді дәрежелі,Сд- сезімтал дәрежелі,Өсд- өте сезімталдәрежелі.

ПКС-дысырқаттардың төзімді, сезімтал және өте сезімтал дәрежелі науқастарында қанныңтромбоциттердегіантиоксидантты индексінің (АИ) белсенділігі бақылау тобының көрсеткішіне қарағанда 16,7% - ға , 19,6 % - ға және 29,2% - ға төмендейді (сурет 45).



Сурет – 46. Постковидті синдром кезінде тромбоциттердегі антиоксидантты индексінің белсенділігінің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы. Ескерту: Бт-бақылау тобы, Жт- жалпы топ, Тд-төзімді дәрежелі, Сд- сезімтал дәрежелі, Өсд- өте сезімтал дәрежелі.

Постковидті синдром кезінде тромбоциттердегі ЛАТ/АТЖ интегральды көрсеткішінің белсенділігінің организмнің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы, бақылау тобының көрсеткішіне қарағанда 47%-ға, 101%-ға және 194%-ға қуаттанды, яғни тромбоциттердегі антиоксидантты индексінің белсенділігінің деңгейі ксенобиотикке сезімталдығына байланысты әр түрлі мөлшердегі депрессиялық жағдайы ұшырап, соның нәтижесінде липидтердің уытты асқын тотығының өнімдерінің шамадан тыс топтасуына алып келді, бұл жағдай қанның тромбопластинкаларының дисфункциясына алып келеді, яғни қан тамырларының қабырғаларында микотромбтың пайда болуына әсер ететін факторлардың бірі болып табылады (сурет 46).



Ескерту: БТ- бақылау тобы,ЖТ- жалпы топ,Тд-төзімді дәрежелі,Сд- сезімтал дәрежелі,Өсд- өте сезімталдәрежелі.

Сурет - 47. Постковидті синдромның кезінде тромбоциттердегі ЛАТ/АТЖ интегральды көрсеткішінің белсенділігінің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы.

Дәстүрлі гирудотерапиясы аясында ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке сезімталды жағдайына байланысты тромбоциттердегі антиоксидантты жүйесінің көрсеткіштеріне әсерлері 24,25,26 кестелерде және 56,57,58-ші суреттерде көрсетілген.

Дәстүрлі гирудотерапияның ПКС-ды пациенттердің ксенобиотикке төзімді дәрежелі түріндегі тұлғалардың тромбоциттердегі антиоксидантты жүйесінің жағдайының әсерлері 24- кестеде және 57, 58 суреттерде көрсетілген.

Кестеден көріп отырғанымыздай, ПКС-ды төзімді дәрежелі пациенттерге емдеу мақсатында медициналық сүліктерді тәулік ішінде 12,0 грамм дозасында қолданнан кейін сенімді төмендеуі орын алды. Гирудотерапияны екі, төрт және бес рет қолдану нәтижесінде тромбоциттегі каталаза белсенділігі фондық көрсеткішпен салыстырғанда 10,1%-ға, 19,9%-ға және 30,0%-ға жоғарылайды, тромбоциттегі СОД белсенділігі 10,3%-ға және 19,4%-ға өседі, қан сарысуындағы жалпы АТБ белсенділігі фондық көрсеткішпен салыстырғанда 12,3 %-ға, 18,2%-ға және 25,9%-ға жоғарылайды (кесте-21, сурет- 47).

Асқын тотығын улы өнімдерін, соның ішінде гидроксильді радикалдарды заласыздандыратын биологиялық белсенді заттардың бірі – антитотықтырғыш жүйесінің интегральды белсенділігінің жағдайы ПКС төзімді дәрежелі науқастарындағы қан тромбоциттеріндегі АТБ мәні медициналық сүліктің 12,0 грамм (салмағы 2,0 г, 6 дана МС) дозаларын қолдану кезінде белсенділігі зерттеудің 3, 5 және 6 тәулігінде 12,3% - ға,

20,0 % - ға және 30,5 % - ға артты және бақылау тобының көрсеткішіне теңеле бастады.


ПКС-ды науқастардың қан тромбоциттеріндегі СОД белсенділігі медициналық сүліктің әртүрлі дозаларын қолдану кезінде оң әсерлер пайда болады (кесте 22,сурет48).

Кесте 22. Дәстүрлі гирудотерапияның ПКС-ды төзімді дәрежелі пациенттердегі тромбоциттердегі антиоксидантты жүйесінің жағдайы.

Топтар	ЕК	Тромбоциттегі каталаза белсенділігі, мкмоль/мг ақуызға	Тромбоциттегі СОД белсенділігі ӘБ/мг ақуызға	Қан сарысуындағы жалпы АТБбелсенділігі (%)
Бт		8,33±0,33	50,40±2,4	28,6±1,38
ПКС, төзімді дәрежелі	Гтд	6,97±0,26 [#]	42,71±2,7 [#]	23.5±1,18 [#]
	2	7,68±0,37	47,12±1,7	26,4±1,41
	4	8,36±0,32	51,4±2,2	28,2±1,30
	5	9,1±0,42	55,4±2,5	31,5±1,40

Ескерту: Бт- бақылау тобы, Гтд-гирудотерапияға дейін,2,4-гирудотерапияың саны.


Оттегінің агрессивті еркін радикалдарының негізгі инактиваторы болып келетін супероксиддисмутазаның ферментінің белсенділігінің жағдайы ПКС төзімді дәрежелі науқастарындағы қан тромбоциттеріндегі СОД белсенділігі медициналық сүліктің 12,0 г(салмағы 2,0 г, 6 дана МС) дозаларын қолданудан кейін бұл энзимнің белсенділігі зерттеудің 3,5 және 6 тәулігінде 10,3%-ға, және 19,4%-ға артты және бақылау тобының көрсеткішіне теңеле бастады.



Ескерту: 1- бақылау тобы; 2- Емге дейін, 3,4- екі және төрт реттік гирудотерапиядан кейінгі мәндері; СОД -супероксиддисмутаза, КТ- каталаза, АТБ – антиототықтырғыш белсенділігі.

Сурет - 48 Дәстүрлі гирудотерапияның ПКС-ды төзімді дәрежелі пациенттердің тромбоциттердегі антиоксидантты жүйесіне әсері

